

## Монополияға қарсы органға өтініштер мен хабарламалар беру және оларды қарау тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Табиғи Монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 2 тамыздағы N 153-НҚ бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 11 қыркүйекте тіркелді. Тіреку N 1641. Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау комитетінің 2007.05.21. N 174-НҚ бұйрығымен.

**Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау комитетінің 2007.05.21. N 174 -НҚ бұйрығымен.**

"Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру мақсатында

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Монополияға қарсы органға өтініштер мен хабарламалар беру және оларды қарау тәртібі туралы Нұсқаулық бекітілсін.
2. Құқықтық, нормативтік және әдістемелік қамтамасыз ету департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.
3. Жиынтық талдау және бақылау-инспекторлық жұмыс департаменті (С.А. Ержанова) мемлекеттік тіркелгеннен кейін: осы бұйрықты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың Нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жариялауды қамтамасыз етсін; осы бұйрықты аумақтық бөлімшелердің назарына жеткізсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттік төрағасының орынбасары С.Ш. Құрманғалиевқа жүктелсін.

### *Төраға*

Қазақстан Республикасының  
Табиғи монополияларды реттеу,  
бәсекелестікті қорғау және  
шағын бизнесті қолдау жөніндегі  
агенттігі төрағасының

2001 жылғы 2 тамыздағы N 153-НҚ  
б ұ й р ы ғ ы м е н  
бекітілген

## **Монополияға қарсы органға өтініштер мен хабарламалар беру және оларды қарау тәртібі туралы нұсқаулық**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) негізінде әзірленді және төмендегідей кезде монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы орган мен оған бағынысты аумақтық бөлімшелердің (бұдан әрі - монополияға қарсы орган) іс-қимылдар немесе мәмілелер жасауға келісім беру туралы өтініштерді, хабарламалар туралы мәлімдемелерді, сондай-ақ қажетті құжаттарды және/немесе ақпаратты ұсыну тәртібін айқындайды:

1) тиісті тауар рыногындағы үлесі отыз бес пайыздан асатын рынок субъектілерін немесе олардың бірлестіктерін құру;

2) тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерін немесе олардың бірлестіктерін қайта ұйымдастыру;

3) тарату заңды күшіне енген сот шешімі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерін немесе олардың бірлестіктерін тарату;

4) басқа рынок субъектісінің активтерін толық немесе ішінара, егер бұл тиісті тауар рыногындағы үлесі отыз бес пайыздан асатын шаруашылық жүргізуші субъектінің пайда болуына алып келетін болса, сатып алу;

5) тұлғаның (тұлғалар тобының) тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс құқығын беретін акцияларды (үлестерді, пайларды), оны құру кезінде рынок субъектісі құрылтайшыларының акцияларды (үлестерді, пайларды) сатып алу реттерін қоспағанда, бұл кезде ол тұлға (тұлғалар тобы) көрсетілген акциялардың (үлестердің, пайлардың) 20 пайыздан астамына билік ету құқығына ие болады, сатып алу;

б) егер мәміле мәнін құрайтын мүліктің баланстық құны мүлікті иеліктен айыратын рынок субъектісінің негізгі өндіріс құрал-жабдықтары мен материалдық емес активтерінің баланстық құнының 10 пайызынан асатын болса, бір рынок субъектісінің (тұлғалар тобының) басқа рынок субъектісінің негізгі өндіріс құрал-жабдықтары мен материалдық емес активтерін меншікке немесе

п а й д а л а н у ғ а

а л у ы ;

7) тұлғаның (тұлғалар тобының) оның кәсіпкерлік қызметін рынок субъектісінің жүргізу шарттарын айқындауға не оның атқарушы органының функцияларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құқықтарды алуы;

8) жеке тұлғаның екі немесе одан көп рынок субъектілерінің атқарушы органына, директорлар кеңесіне (байқаушы кеңесіне) қатысуы.

2. Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар қолданылады:

1) тікелей бақылау - заңды немесе жеке тұлғаның заңды тұлға қабылдайтын шешімдерді бір немесе бірнеше мынадай іс-қимылдар арқылы айқындау мүмкіндігі :

келісім (келісілген іс-қимылдар) нәтижесінде, оның ішінде өзге тұлғалармен бірлесе отырып, заңды тұлғаның жарғылық капиталын құрайтын акцияларға (үлестерге, пайларға) келетін дауыстардың жалпы санының 50 пайыздан астамына билік ету ;

заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметін жүргізу шарттарын айқындау немесе оның атқарушы органдарының функцияларын жүзеге асыру құқығын, оның ішінде өзге тұлғалармен бірлесе отырып, алу;

заңды тұлғаның атқарушы органы және (немесе) директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) құрамының 50 пайыздан астамын тағайындау құқығын алу;

сол бір жеке тұлғалармен бірлесе отырып, өзара бәсекелес екі немесе одан көп заңды тұлғалардың атқарушы органына және (немесе) директорлар кеңесіне (байқаушы кеңесіне) олардың басқару органы құрамының 50 пайыздан астамын құрай отырып, қатысу ;

2) жанама бақылау - заңды немесе жеке тұлғаның үшінші тұлғалар арқылы оларға қарағанда алғаш бір немесе бірнеше мынадай құқықтарға немесе өкілеттіктерге ие болған заңды тұлға қабылдайтын шешімдерді айқындау мүмкіндігі :

келісімдер (келісілген іс-қимылдар) нәтижесінде, оның ішінде өзге тұлғалармен бірлесе отырып, заңды тұлғаның жарғылық капиталын құрайтын акцияларға (үлестерге, пайларға) қатысты дауыстардың жалпы санының 50 пайыздан астамына билік ету ;

заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарын, оның ішінде өзге тұлғалармен бірлесе отырып айқындау немесе оның атқарушы органының функцияларын жүзеге асыру ;

заңды тұлғаның атқарушы органы және (немесе) директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) құрамының 50 пайыздан астамын тағайындау ;

сол бір жеке тұлғалармен бірлесе отырып, өзара бәсекелес екі немесе одан көп заңды тұлғалардың атқарушы органына және (немесе) директорлар кеңесіне (байқаушы кеңесіне) олардың басқару органы құрамының 50 пайыздан астамын



немесе іс-қимылдар жасалатын рынок субъектісі мен осы рынок субъектісімен тұлғалар тобына кіретін заңды немесе жеке тұлғалар;

үшінші тұлғалар - мәмілелердің немесе іс-қимылдардың нәтижелеріне қызығушылығы бар, атқарушы үкіметтің орталық және жергілікті органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алушылар және/немесе жеткізіп берушілер, бәсекелестер тәрізді, сондай-ақ мүдделі тараптардың басқару органдарының мүшелері, әкімшіліктері мен еңбек ұжымдарының уәкілетті өкілдері;

8) орталық монополияға қарсы органдар - монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы органдар;

9) аумақтық монополияға қарсы органдар - монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі;

10) өтініш - іс-қимылдар немесе мәмілелер жасауға келісім беру туралы ө т і н і ш ;

11) аймақ - Астана қаласы немесе Алматы қаласы немесе Қазақстан Республикасының о б л ы с ы .

## **2. Рынок субъектілерін және олардың бірлестіктерін құруды, қайта ұйымдастыруды және таратуды монополияға қарсы органның мемлекеттік бақылауы**

3. Монополияға қарсы органның алдын-ала жазбаша келісімі:

1) тиісті тауар рыногындағы үлесі отыз бес пайыздан асатын рынок субъектісін немесе рынок субъектісінің бірлестігін құру;

2) тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектісін немесе рынок субъектісінің бірлестігін қайта ұйымдастыру;

3) тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектісін немесе рынок субъектісінің бірлестігін, заңды күшіне енген сот шешімі бойынша тарату жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, тарату кезінде талап етіледі.

4. Монополияға қарсы органның жазбаша келісімі басқа рынок субъектісінің активтерін, егер бұл тиісті тауар рыногындағы үлесі отыз бес пайыздан асатын шаруашылық жүргізуші субъектінің пайда болуына алып келетін болса, толық немесе ішінара сатып алу кезінде талап етіледі.

5. Осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көзделген ретте, құру, қосу, біріктіру туралы шешім қабылдайтын тұлғалар немесе мемлекеттік органдар мұндай шешім қабылданғанға дейін монополияға қарсы органның алдын ала жазбаша

### **3. Рынок субъектілерінің жарғылық капиталынан акцияларды (үлестерді, пайларды) сатып алу кезінде және өзге жағдайларда монополияға қарсы заңдардың сақталуын мемлекеттік бақылау**

6. Осы Нұсқаулықтың 1-тармағының 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген іс-қимылдарды (мәмілелерді) жүзеге асыруға монополияға қарсы органның алдын ала жазбаша келісімі мынадай жағдайларда:

1) тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс құқығын беретін акцияларды (үлестерді, пайларды) әрбір сатып алу кезінде (оның ішінде осы акцияларды (үлестерде, пайларда) көрініс тапқан сатып алу-сату шарттарының, сенімгерлік басқарудың, тапсырманың немесе өзге мәмілелердің негізінде дауыс құқықтарын жүзеге асыру мүмкіндігін алу кезінде), егер:

тұлғалар тобының қатысушысы болып табылатын заңды немесе жеке тұлға не бірнеше тұлғалар - тұлғалардың бір тобының қатысушылары рынок субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс құқығын беретін акциялардың (үлестердің, пайлардың) кез келген санын сатып алуға ниет білдірсе және сонымен бірге аталған тұлға немесе тұлғалар тобы өзінің билігінде бар (не тұлғалар тобы қатысушыларының) билігіндегі акциялардың (үлестердің, пайлардың) жиынтығымен, көрсетілген рынок субъектісінің дауыс құқығын беретін акциялардың (үлестердің, пайлардың) 20 пайыздан астамына билік ету құқығын алса және тұлғалар тобына, акцияларды (үлестерді, пайларды) сатып алушыны қоса, кіретін барлық заңды тұлғалардың баланстары бойынша активтер құнының және жарғылық капиталдағы дауыс беретін акциялары (үлестері, пайлары) сатып алынатын рынок субъектісінің балансы бойынша активтер құнының сомасы жиынтығында айлық есептік көрсеткіштің 100000 есе мөлшерінен асқан жағдайда;

тұлғалар тобының қатысушысы болып табылмайтын заңды немесе жеке тұлға рынок субъектісінің жарғылық капиталында дауыс құқығын беретін акциялардың (үлестердің, пайлардың) кез келген санын сатып алуға ниет білдірсе және сонымен бірге сатып алушы өзінің билігіндегі акциялар (үлестер, пайлар) жиынтығымен көрсетілген рынок субъектісінің дауыс құқығын беретін акциялардың (үлестердің, пайлардың) 20 пайыздан астамына билік ету құқығын алса және акцияларды (үлестерді, пайларды) сатып алушы мен жарғылық

капиталдағы дауыс беретін акциялары (үлестері) сатып алынатын рынок субъектісінің баланстары бойынша активтер құнының сомасы айлық есептік көрсеткіштің 100000 есе мөлшерінен асқан жағдайда талап етіледі.

Егер сатып алушы қатысушы тұлғалар тобы болып табылмайтын жеке тұлға болып табылса, онда алдын ала хабарлама жарғылық капиталдағы дауыс беретін акциялары (үлестері) сатып алынатын рынок субъектісінің балансы бойынша активтер құнының сомасы айлық есептік көрсеткіштің 100000 есе мөлшерінен а с қ а н ж а ғ д а й д а қ а ж е т .

Егер рынок субъектісі дауыс құқығын беретін қосымша акцияларды (үлестерді, пайларды) орналастыруды тек осы рынок субъектісінің акционерлері (қатысушылары) болып табылатын тұлғалар арасында, олардың жарғылық капиталдағы үлестерін өзгертпей-ақ, жүзеге асырса, онда монополияға қарсы органмен келісу талап етілмейді.

Рынок субъектілерінің құрылтайшыларына оны құрған кезде осы Нұсқаулықтың 6-тармағының 1) тармақшасында көзделген талап қ о л д а н ы л м а й д ы .

2) Негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын немесе материалдық емес активтерді (оның ішінде сатып алу-сату шарттары, жалға алу, лизинг және басқалар негізінде ) меншікке алу немесе пайдалану кезінде, егер:

тұлғалар тобының қатысушысы болып табылатын рынок субъектісі не бірнеше тұлғалар - тұлғалардың бір тобының қатысушылары басқа рынок субъектісінің негізгі өндіріс құрал-жабдықтары мен материалдық емес активтердің баланстық құнының 10 пайыздан астамын алуға ниет білдірсе және негізгі құрал-жабдықтарды немесе материалдық емес активтерді сатып алушымен бірге, осы мүлікті алушының өзін қоса, тұлғалар тобына кіретін рыноктың барлық субъектілерінің балансы бойынша активтер құнының және меншікке немесе пайдалануға берілетін негізгі өндіріс құрал-жабдықтар немесе материалдық емес активтер рыногы субъектісінің балансы бойынша активтер құнының сомасы жиынтығында айлық есептік көрсеткіштің 100000 есе м ө л ш е р і н е н а с с а ;

тұлғалар тобының қатысушысы болып табылмайтын рынок субъектісі басқа рынок субъектісінің негізгі өндіріс құрал-жабдықтары мен материалдық емес активтерінің баланстық құнының 10 пайыздан астамын алуға ниет білдірсе және басқа рынок субъектісінің негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын немесе материалдық емес активтерін алатын рынок субъектісінің балансы бойынша активтер құнының немесе негізгі өндіріс құрал-жабдықтары немесе материалдық емес активтері меншікке немесе пайдалануға берілген рынок субъектісінің балансы бойынша активтер құнының сомасы айлық есептік көрсеткіштің 100000 е с е м ө л ш е р і н е н а с с а .

Егер алушы тұлғалар тобының қатысушысы болып табылмайтын жеке тұлға болып табылса, онда егер алынатын негізгі өндіріс құрал-жабдықтар немесе материалдық емес активтер рыногы субъектісінің балансы бойынша активтер құны айлық есептік көрсеткіштің 100000 есе мөлшерінен асқан жағдайда, алдын-ала өтініш қажет.

3) Рынок субъектісінің оның кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарын айқындауға не оның атқарушы органының функцияларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құқықтарды (бұдан әрі - тиісті құқықтар), (оның ішінде тапсырма шарты, бірлескен қызмет туралы шарт, сенімгерлік басқару туралы шарт немесе өзге тәсілдер арқылы) алу кезінде, егер:

тұлғалар тобының қатысушысы болып табылатын заңды немесе жеке тұлға немесе бірнеше тұлғалар - тұлғалардың бір тобына қатысушылар бірлесе отырып, рынок субъектісіне қатысты тиісті құқықтарды алуға ниет білдірсе және тұлғалар тобына кіретін барлық заңды тұлғалардың, құқықтарды алушылардың өзін қоса, баланстары бойынша активтер құнының сомасы мен осы құқықтар оларға қатысты алынатын рынок субъектісінің балансы бойынша активтер құнының сомасы жиынтығында айлық есептік көрсеткіштің 100000 есе мөлшерінен асса;

тұлғалар тобының қатысушысы болып табылмайтын заңды немесе жеке тұлға рынок субъектісіне қатысты тиісті құқықтарды алуға ниет білдірсе және осы құқықтарды алушының балансы бойынша активтер құны мен осы құқықтар алынуға тиісті рынок субъектісінің балансы бойынша активтер құнының сомасы жиынтығында айлық есептік көрсеткіштің 100000 есе мөлшерінен асса.

Егер құқықтарды алушы жеке тұлға болып табылса, онда осы алдын-ала жазбаша келісім жоғарыда көрсетілген құқықтарды алуға қатысты рынок субъектісінің балансы бойынша активтер құнының сомасы айлық есептік көрсеткіштің 100000 есе мөлшерінен асқан жағдайда қажет.

4) Активтерді жиынтық баланстық құнына қарамастан, осы Нұсқаулықтың 6-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында санамаланған іс-қимылдарды (мәмілелерді) жүзеге асыруға алдын-ала келісім талап етіледі, егер:

рынок субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс беретін акцияларды (үлестерді, пайларды), негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын немесе материалдық емес активтерді немесе тиісті құқықтарды сатып алушы болып Тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне (бұдан әрі - Тізілім) енгізілген рынок субъектісі не құрамына Тізілімге енгізілген рынок субъектісі кіретін тұлғалар тобына қатысушы болып табылатын заңды немесе жеке тұлға болып табылса;

жарғылық капиталындағы дауыс беретін акциялары (үлестері, пайлары) сатып алынатын рынок субъектілері немесе негізгі өндіріс құрал-жабдықтары



немесе материалдық емес активтері меншікке немесе пайдалануға берілетін рынок субъектісі немесе оған қатысты тиісті құқықтар берілетін рынок субъектісі Тізілімге енгізілсе.

7. Заңның 18-бабында көзделген, монополияға қарсы органның хабарламасы мынадай жағдайларда :

1) Заңның 18-бабының 1-тармағында көзделген мәмілелер жасалғаннан кейін, егер осы Нұсқаулықтың 6-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың балансы бойынша активтер құнының сомасы айлық есептік көрсеткіштің 50000 еседен 100000 есеге дейін мөлшердегі шегінде болса;

2) жеке тұлға баланстар бойынша активтерінің жиынтық құны айлық есептік көрсеткіштің 50000 есе мөлшерінен асатын екі және одан көп рынок субъектілерінің атқарушы органдарына, директорлар кеңестеріне (байқаушы кеңестеріне) кіргеннен (сайланғаннан) кейін;

3) жеке тұлға сол бір тауар тобы бойынша Тізілімге енгізілген не сол бір өндіру-өткізу процесінің түрлі сатыларының тауарлар топтары бойынша Тізілімге енгізілген рынок субъектілерінің атқарушы органдарына, директорлар кеңестеріне (байқаушы кеңестеріне), олардың активтерінің жиынтық баланстық құнына қарамастан, кіргеннен (сайланғаннан) кейін талап етіледі.

8. Осы Нұсқаулықтың 7-тармағында көзделген жағдайларда, мәлімдеуші көрсетілген іс-қимылдарды жасауға монополияға қарсы органның келісімін алдын-ала сұратуға құқылы.

#### **4. Өтініш немесе хабарлама беретін тұлғалар**

9. Рынок субъектісін немесе рынок субъектісінің бірлестігін құруға, қайта ұйымдастыруға немесе таратуға келісім беру туралы өтінішті монополияға қарсы органға тиісті шешім қабылдайтын тұлға (орган) береді.

Егер тиісті шешімді бірнеше тұлғалар (органдар) бірлесе отырып қабылдаса, онда өтінішті монополияға қарсы органға осы тұлғалар (органдар) бірлесе отырып береді, бұл кезде өтініште монополияға қарсы органмен істер жүргізу үшін шешім қабылдауға қатысқан тұлғалардың (органдардың) тапсырмасы бойынша олар не олардың біреуі уәкілеттік берген тұлға көрсетіледі.

10. Рынок субъектілерін құру туралы хабарламаны монополияға қарсы органға рынок субъектілерінің құрылтайшылары не олардың тапсырмасы бойынша құрылтайшылардың біреуі береді.

Қайта ұйымдастыру туралы хабарламаны монополияға қарсы органға қайта ұйымдастыру нәтижесінде пайда болған рынок субъектісі береді.

Рынок субъектісін тарату туралы хабарламаны монополияға қарсы органға тарату процесінде болған рынок субъектісі береді.

11. Заңды және/немесе жеке тұлғалардың іс-қимылдар (мәмілелер) жасауы туралы өтінішті немесе хабарламаны, сондай-ақ жеке тұлғаның өзара бәсекелесуші екі немесе одан көп рынок субъектілерінің атқарушы органдарына, директорлар кеңестеріне (байқаушы кеңестеріне) қатысуы туралы хабарламаны монополияға қарсы органға акцияларды (үлестерді, пайларды), негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын немесе материалдық емес активтерді немесе рынок субъектісінің оның кәсіпкерлік қызметін жүргізу шарттарын айқындауға мүмкіндік беретін құқықтарды алатын тұлға немесе атқарушы органдарға, директорлар кеңестеріне (байқаушы кеңестеріне) қатысушы тұлға береді.

Егер бір рынок субъектісінің негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын немесе материалдық емес активтерін алушы мәміле тарабы бірнеше тұлғалар - тұлғалар тобының қатысушылары болса, онда өтінішті немесе хабарламаны осы тұлғалар бірлесе отырып не барлық алушылардың тапсырмасы бойынша олардың біреуі б е р е д і .

Егер акцияларда (үлестерде, пайларда) көрініс тапқан дауыстарды иелену құқығын немесе рынок субъектісінің оның кәсіпкерлік қызметін жүргізу шарттарын айқындау құқығын алушы мәміле тарабы бірнеше тұлғалар - тұлғалар тобының қатысушылары болса, онда өтінішті немесе хабарламаны осы тұлғалар бірлесе отырып не барлық тиісті құқық алушылардың тапсырмасы бойынша о л а р д ы ң б і р е у і б е р е д і .

12. Осы Нұсқаулықтың 9, 10, 11-тармақтарға сәйкес тұлғалар, Заңның 17 және 18-баптарында көзделген өтініштерді (хабарламаларды) монополияға қарсы органға беруге міндетті және құқылы, уәкілетті өкіл (сенімгер) тағайындай алады .

Осындай тұлғалардың атынан және мүдделерінде монополияға қарсы органға қатысты іс-қимыл жасайтын уәкілетті өкіл (сенімгер) монополияға қарсы органға өз өкілеттіктерінің тиісті дәрежедегі дәлелдемелерін (өтінішке (хабарламаға) өз өкілеттіктерінің жазбаша дәлелдемесін қоса беруге) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес ұсынуға тиіс.

13. Өкілетті тұлғаны (сенімгерді) тағайындау жоғарыда көрсетілген тұлғаларды монополияға қарсы заңдарда көзделген міндеттер мен жауапкершіліктен б о с а т п а й д ы .

## 5. Өтініштер мен хабарламалардың мазмұны, беру және қарау мерзімдері

14. Өтініш немесе хабарлама еркін нысанда құрастырылады және осы Нұсқаулықтың 6-бөлімінде көрсетілген тәртіпке сәйкес монополияға қарсы органның бірінші басшысының атына беріледі. Өтініштің немесе хабарламаның мәтінінде іс-қимыл немесе мәміле атауы көрсетіледі және сатып алынатын акциялардың (үлестердің, пайлардың) саны, алынатын мүліктің құрамы немесе рынок субъектісінің оның кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарын айқындауға не оның атқарушы органының функциясын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін нақты құқығы нақтыланады.

15. Өтінішті немесе хабарламаны қарау кезінде монополияға қарсы орган мәлімдеушіден 1-қосымшада көрсетілген кез келген ақпаратты талап етуге құқылы.

16. Өтініш немесе хабарлама беру кезінде мәлімдеуші монополияға қарсы органға осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаның 1-бөлімінде көрсетілген ақпаратты (құжаттарды) ұсынуға міндетті. Өтінішті немесе хабарламаны қарау кезінде монополияға қарсы орган өзі белгілеген мерзімдерде (бірақ өтінішті немесе хабарламаны алғаннан кейін 30 күннен кешіктірмей) мәлімдеушіден 1-қосымшаның 2-бөлімінде көрсетілген ақпаратты (құжаттарды) қосымша ұсынуды талап етуге құқылы.

Қосымша ақпаратты ұсыну мерзімдерін монополияға қарсы орган қаралып отырған өтініштің немесе хабарламаның мәніне, сондай-ақ сұратылған ақпараттың мазмұнына сүйене отырып айқындайды. Монополияға қарсы органның талабы бойынша осы Нұсқаулыққа 1-қосымшада көрсетілген құжаттар мен ақпаратты мерзімінде ұсынбау заң актілерінде көзделген жауапкершілікке алып келеді.

17. Мәлімдеуші өтініш немесе хабарлама берген кезде, мәлімдеушінің пікірі бойынша, белгіленген мерзімде шешім қабылдау үшін маңызды болып табылатын кез келген ақпаратты монополияға қарсы органға дербес 1)-қосымшаның 1-бөлімінде көрсетілген (ақпараттарға (құжаттарға) толықтырулар) жіберуге құқылы.

18. Ақпарат құрамындағы коммерциялық құпия оны монополияға қарсы органға ұсынудан бас тартуға негіздеме бола алмайды, сонымен бірге мәлімдеушілер мен өзге де мүдделі тараптар монополияға қарсы органға ақпарат беру кезінде коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің толық тізбесін көрсетуге тиіс. Ақпараттың (құжаттардың) Қазақстан Республикасынан тыс

аумақта орналасуы оны монополияға қарсы органға ұсынудан бас тарту немесе оны ұсыну мерзімдерін сақтамау үшін негіздеме болып табылмайды.

19. Өтінішті немесе хабарламаны беру кезінде монополияға қарсы орган осы Нұсқаулыққа 1-қосымшадағы 1-бөлімінің тізбесі бойынша талап етіп отырған немесе монополияға қарсы орган осы Нұсқаулыққа сай қосымша талап етіп отырған құжаттарға және құжаттарға қол жеткізу мәлімдеуші үшін қиын болған жағдайда мәлімдеуші өзі үшін тиісті ақпаратқа қол жеткізу мүмкін еместігін көрсетуге, оны алу мүмкін еместігін түсіндіретін себептерді хабарлауға, сондай-ақ мұндай құжаттарды (ақпаратты) алуға мүмкіндік бар көздерді көрсетуге міндетті.

Өтініш немесе хабарлама 1-қосымшадағы 1-бөлімінің тізбесі бойынша барлық құжаттарды немесе ақпаратты ұсынғанға дейін немесе жоғарыда көрсетілген ақпаратты алу мәлімдеуші үшін мүмкін еместігін түсіндіретін себептерді көрсеткенге дейін толық емес деп есептеледі, осыған байланысты монополияға қарсы орган қарауға қабылдамайды.

Монополияға қарсы орган мәлімдеуші үшін жоғарыда көрсетілген ақпаратты алудың мүмкін еместігін түсіндіретін себептерді белгісіз себеп деп тануы мүмкін, бұл туралы өтініш немесе хабарлама берген тұлғаға тез жіберілетін жазбаша шешім шығарылады. Осы шешімге орталық монополияға қарсы органға немесе сотқа шағым жасауға болады.

20. Өтініште (хабарламада) немесе ақпаратта (құжаттарда) баяндалған және шешім қабылдау үшін мәні бар фактілердің өзгергенін мәлімдеуші монополияға қарсы органның назарына кешіктірмей жазбаша түрде жеткізеді. Мұндай жағдайларда өтінішті немесе хабарламаны алу күні монополияға қарсы органның өзгерістер туралы ақпаратты алған күні болып есептеледі. Монополияға қарсы органға болған өзгерістер туралы хабарламау заң актілерінде көзделген жауапкершілікке алып келеді.

21. Өтініштер мен хабарламаларды ұсынбау:

1) өтініштерді, сондай-ақ хабарламаларды монополияға қарсы органға Заңның 17 және 18-баптарында көзделген мерзімдерде беруден жалтару;

2) тиісті монополияға қарсы органға осы Нұсқаулыққа 1-қосымшадағы 1-бөлімінің тізбесі бойынша ақпарат пен құжаттар кірмеген өтініштерді немесе хабарламаларды осы ақпарат пен құжаттарды алудың мәлімдеуші үшін мүмкін еместігін түсіндіретін себептерді көрсетпей немесе мұндай себептерді монополияға қарсы орган белгісіз себеп деп таныған кезде, жіберу;

Өтініштерді немесе хабарламаларды ұсынбау заң актілерінде көзделген жауапкершілікке алып келеді.

22. Өтініштерді немесе хабарламаларды беру күні монополияға қарсы органның тиісті өтініш пен хабарламаны және барлық қажетті құжаттарды,

сондай-ақ осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаның 1-бөлімінде көзделген ақпаратты және/немесе жоғарыда көрсетілген құжаттарды немесе ақпаратты алу мәлімдеуші үшін мүмкін еместігін түсіндіретін себептер туралы мәліметтерді алған күн болып есептеледі. Монополияға қарсы орган осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаның 1-бөлімінің тізбесі бойынша ақпарат және/немесе құжаттар берілмеген, оларды бермеу себептері көрсетілмеген өтініштерді немесе хабарламаларды алған кезде монополияға қарсы орган оларды алған күннен бастап 10 күн мерзім ішінде мәлімдеушілерге олардың өтінішінің ( хабарламасының) қарауға қабылданбағаны туралы жазбаша хабарлайды.

23. Заңның 17-бабының 2 және 5-баптарында, 18-баптың 3 және 6-баптарында айтылған және өтініштерді (хабарламаларды) қарау мерзіміне қатысты уақыт кезеңі монополияға қарсы органның өзі Өтініштер мен хабарламаларды қарау үшін мәлімдеушінің монополияға қарсы органға беретін ақпарат тізбесіне (1-қосымша) сәйкес талап еткен барлық құжаттарды алғаннан кейінгі келесі күні басталады.

24. Заңның 17-бабының 4-тармағында көзделген хабарлама берілуге тиісті уақыт кезеңі тиісті тауар рыногындағы үлесі отыз бес пайыздан асатын шаруашылық жүргізуші субъектісі пайда болғаннан кейінгі келесі күні басталады

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген уақыт кезеңі мерзім басталғаннан кейінгі 15-ші күннің соңында аяқталады.

Егер хабарлама хабарламаны қарауға уәкілетті монополияға қарсы органға қолма-қол жеткізілсе, онда мерзім монополияға қарсы органда белгіленген ереже бойынша жұмыс күні тоқтайтын сағатта аяқталады.

Байланыс ұйымына мерзімнің соңғы күнінен жиырма төрт сағат бұрын тапсырылған жазбаша өтініштер немесе хабарламалар мерзімінде тапсырылды деп е с е п т е л е д і .

25. Заңның 18-бабының 5-тармағында көрсетілген уақыт мерзімі мәміле жасалған күннен кейінгі немесе жеке тұлғаның көрсетілген органдарға немесе кеңестерге кірген (сайланған) күнінен кейінгі келесі күні басталады. Заңның 18-бабының 5-тармағында көрсетілген уақыт кезеңі мерзім басталғаннан кейінгі 15-ші күннің соңында аяқталады.

Егер хабарлама монополияға қарсы органдарға қолма-қол жеткізілсе, онда мерзім монополияға қарсы органда белгіленген ереже бойынша жұмыс күні тоқтайтын сағатта аяқталады.

Байланыс ұйымына мерзімнің соңғы күнінен жиырма төрт сағат бұрын тапсырылған жазбаша хабарламалар мерзімінде жасалды деп есептеледі.

26. Мерзімнің соңғы күні жұмыс күні емес күнге келген жағдайда, онда одан

кейінгі келесі жұмыс күні мерзімнің аяқталу күні деп есептеледі.

## **6. Монополияға қарсы органдарға өтініштер мен хабарламалар беру және оларды қарау тәртібі**

27. Мәлімдеушілер Заңның 17-бабында көзделген өтініштер мен хабарламаларды осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаның 1-бөлімінде көрсетілген ақпаратпен және құжаттармен бірге:

1) рынок субъектілерін немесе олардың бірлестіктерін құру кезінде: жаңадан пайда болған рынок субъектісінің немесе бірлестігінің орналасқан орны бойынша тиісті аумақтық монополияға қарсы органға, егер жаңадан құрылған рынок субъектісіне немесе бірлестігіне қатысушылардың құрамына 3-тен аспайтын аймақта орналасқан рынок субъектілері кірсе;

орталық монополияға қарсы органға, егер жаңадан құрылған рынок субъектісіне немесе бірлестігіне қатысушылардың құрамына қайта ұйымдастырылғаннан кейін 3-тен астам аймақта орналасқан рынок субъектілері кірсе немесе қатысушылардың құрамына шетелдік заңды тұлғалар кірсе;

2) рынок субъектілерін және олардың бірлестіктерін қайта ұйымдастыру кезінде:

жаңадан пайда болған заңды тұлғаның орналасқан орны бойынша тиісті аумақтық монополияға қарсы органдарға;

орталық монополияға қарсы органдарға, егер қайта құрылған рынок субъектісіне кіретін қайта ұйымдастырылған рынок субъектісі немесе бірлестік қатысушылары республиканың тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне (бұдан әрі - республикалық тізілім) енгізілсе;

3) рынок субъектілерін немесе олардың бірлестіктерін тарату кезінде: таратылатын заңды тұлғаның орналасқан орны бойынша тиісті аумақтық монополияға қарсы органдарға;

орталық монополияға қарсы органдарға, егер таратылатын заңды тұлға немесе таратылатын тұлға кіретін бірлестік қатысушысы республика тізіліміне енгізілсе береді.

28. Мәлімдеушілер Заңның 18-бабында көзделген өтініштерді немесе хабарламаларды осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаның 1-бөлімінде көрсетілген ақпаратпен және құжаттармен бірге:

1) тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектісінің жарғылық капиталында дауыс құқығын беретін акцияларды (үлестерді, пайларды

) алу кезінде немесе негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын немесе материалдық емес активтерді алу немесе рынок субъектісінің оның кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарын айқындауға немесе оның атқарушы органының функцияларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құқықтарды алу кезінде;

тиісінше жарғылық капиталдағы акциялары (үлестері, пайлары) сатып алынатын рынок субъектісінің орналасқан орны бойынша немесе тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие, негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын немесе материалдық емес активтерді меншікке немесе пайдалануға алып отырған рынок субъектісінің орналасқан орны бойынша немесе тиісті құқықтар оған қатысты алынатын рынок субъектісінің орналасқан орны бойынша аумақтық монополияға қарсы органға, егер:

акцияларды (үлестерді, пайларды) (тиісті құқықтарды немесе негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын немесе материалдық емес активтерді) сатып алушының балансы, сатып алушымен бірге тұлғалар тобына кіретін барлық заңды тұлғалардың баланстары бойынша активтер құнының сомасы және дауыс беретін акциялары (негізгі өндіріс құрал-жабдықтары немесе материалдық емес активтері немесе оған қатысты тиісті құқықтар) сатып алынатын заңды тұлғалардың баланстары бойынша активтері құнының сомасы айлық есептік көрсеткіштің 50000 есе мөлшерінен астам айлық есептік көрсеткіштің 100000 есе мөлшеріне дейінгі шегінде болса;

не егер осы тармақшаның 3-абзацында санамаланған тұлғалар баланстары бойынша активтер сомасы айлық есептік көрсеткіштің 100000 есе мөлшерінен аспаса және акцияларды (үлестерді, пайларды), негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын және/немесе материалдық емес активтерді немесе тиісті құқықтарды сатып алушы Тізілімге енгізілген рынок субъектісі немесе осы рынок субъектісімен бірге тұлғалар тобына кіретін жеке (заңды) тұлға болып т а б ы л с а ;

орталық монополияға қарсы органдарға, егер акцияларды (үлестерді, пайларды), (тиісті құқықтарды немесе негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын немесе материалдық емес активтерді) сатып алушының баланстары, сатып алушымен бірге тұлғалар тобына кіретін барлық заңды тұлғалардың баланстары бойынша активтер құнының және дауыс беретін акциялары (үлестері, пайлары) (негізгі өндіріс құрал-жабдықтары немесе материалдық емес активтері немесе оған қатысты тиісті құқықтар) сатып алынатын заңды тұлғалардың балансы бойынша активтер құнының сомасы айлық есептік көрсеткіштің 100000 есе мөлшерінен а с с а ;

2) жеке тұлға екі немесе одан көп рынок субъектілерінің атқарушы органдарына, директорлар кеңестеріне (байқаушы кеңестерге) қатысқан кезде:

атқарушы органға, директорлар кеңесіне (байқаушы кеңеске) жеке тұлға

қатысатын сол рынок субъектілерінің кез келгенінің орналасқан орны бойынша аумақтық монополияға қарсы органға, егер атқарушы органдарына, директорлар кеңестеріне (байқаушы кеңестерге) сол бір жеке тұлға қатысатын заңды тұлғалардың баланстары бойынша активтер сомасы айлық есептік көрсеткіштің 50000 есе мөлшерінен айлық есептік көрсеткіштің 100000 есе мөлшері шегінде  
б о л с а ;

орталық монополияға қарсы органға - барлық өзге жағдайларда береді.

29. Рынок субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс құқығын беретін акцияларды (үлестерді, пайларды) сатып алу немесе тиісті құқықтарды алу туралы өтінішті немесе хабарламаны алған кезде орталық монополияға қарсы орган өтінішті немесе хабарламаны алған күннен бастап 7 күн мерзім ішінде бұл туралы акцияларды (үлестерді, пайларды) сатып алушының орналасқан орны (тұрғылықты орны) бойынша аумақтық монополияға қарсы органға, тиісті құқықтарды сатып алушының орналасқан орны бойынша аумақтық монополияға қарсы органға хабарлауға міндетті.

Негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын немесе материалдық емес активтерді алғаны туралы өтінішті немесе хабарламаны алған кезде аумақтық монополияға қарсы органдар өтінішті немесе хабарламаны алған күннен бастап 7 күн мерзім ішінде бұл туралы негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын немесе материалдық емес активтерді иеліктен айыратын рынок субъектісінің орналасқан орны бойынша аумақтық монополияға қарсы органға хабарлауға міндетті.

Хабар хатпен, факс, электронды пошта немесе телефонограмма арқылы жіберіледі.

30. Жеке немесе заңды тұлғалардың іс-қимылдары немесе мәмілелері туралы, осы Нұсқаулыққа сәйкес тиісті аумақтық монополияға қарсы органға қарау және шешім шығару үшін жіберуге жататын өтінішті немесе хабарламаны алған жағдайда, монополияға қарсы орган осындай өтінішті немесе хабарламаны алғаннан кейінгі 3 күн мерзім ішінде оны қоса берілген ақпаратпен (құжаттармен) бірге, мәлімдеушінің бұл туралы жазбаша хабарламасымен бірге тиесілілігі бойынша аумақтық монополияға қарсы органға береді.

Орталық монополияға қарсы орган аумақтық монополияға қарсы органның өтініші бойынша аумақтық монополияға қарсы органдардың келісімдерін немесе хабарламаларын талап ететін жеке және заңды тұлғалардың іс-қимылдары немесе мәмілелері туралы өтініштерді немесе хабарламаларды өзінің қарауына қабылдауы мүмкін. Мұндай жағдайда орталық монополияға қарсы орган мәлімдеушіден аумақтық монополияға қарсы органға жіберуге жататын өтінішті немесе хабарламаны алғаннан кейінгі 7 күн мерзім ішінде өтінішті немесе хабарламаны өзінің қарауына қабылдағаны туралы тиісті аумақтық монополияға қарсы органға хабарлайды. Аумақтық монополияға қарсы орган орталық



монополияға қарсы орган арқылы, хат, факс, электронды почта, телефонограмма арқылы хабарлануы мүмкін.

31. Орталық монополияға қарсы орган өзінің қарауына жататын өтінішті немесе хабарламаны алған сәттен бастап 7 күн мерзім ішінде оны заңда белгіленген тәртіппен мерзімінде қарау жөніндегі өкілеттіктерді аумақтық монополияға қарсы органға мәлімдеушінің сол мерзімдегі жазбаша хабарламасымен беруі мүмкін. Мұндай жағдайда өтініш немесе хабарлама қоса тіркелген ақпаратпен және құжаттармен бірге аумақтық монополияға қарсы органның қарауына беріледі және орталық монополияға қарсы орган барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап мерзім белгілеу басталады.

32. Тиісті аумақтық монополияға қарсы органдар мәлімдеушіден осы Нұсқаулықтың 27 және 28-тармақтарында белгіленген тәртіппен олардың қарауына жатпайтын өтінішті немесе хабарламаны қарауға қабылдауға құқығы жоқ.

Мәлімдеушіден өтінішті немесе хабарламаны осы Нұсқаулықтың 6-бөліміне сәйкес оларды қарауға уәкілеттігі жоқ аумақтық монополияға қарсы орган алған жағдайда, уәкілетті лауазымды тұлға өтінішті құзыретті мемлекеттік органға немесе лауазымды тұлғаға мәлімдеушінің міндетті хабарламасымен немесе оның өкілетті өкілі арқылы үш күннен кешіктірмей жіберу туралы шешім қабылдайды.

33. Егер өтінішті немесе хабарламаны талап ететін мәміле немесе іс-қимыл Қазақстан Республикасының тауар рыногындағы бәсекенің жай-күйіне әсер еткен жағдайда аумақтық монополияға қарсы орган орталық монополияға қарсы органның осы Нұсқаулыққа сәйкес аумақтық монополияға қарсы органдардың қарауына келіп түскен өтініштерді немесе хабарламаларды қарауға қабылдағаны туралы өтініш білдіруге құқылы.

Осы жағдайда тиісті аумақтық монополияға қарсы орган өтінішті немесе хабарламаны алғаннан кейін 10 күннен кешіктірмей, оны қарау үшін орталық монополияға қарсы органға жібереді.

34. Мүдделі тараптар іс-қимылдарға немесе мәмілелерге қатысты, олар бойынша Заңның 17 және 18-баптарына сәйкес монополияға қарсы органның өтініші немесе хабарламасы талап етілетін барлық қағидалар бойынша өз көзқарасын немесе ескертулерін жазбаша түрде білдіре алады. Өзінің жазбаша ескертулерінде мүдделі тараптар іске қатысты барлық мәселелерді көрсетеді және олар баяндаған фактілерге дәлелдеме ретінде кез келген құжаттарды қоса тіркей алады. Олар монополияға қарсы органға осы фактілерді растауға қабілетті тұлғаларды тыңдауды ұсынуы мүмкін.

35. Өтінішті немесе хабарламаны қарау кезінде орталық монополияға қарсы орган немесе аумақтық монополияға қарсы орган кез келген басқа аумақтық

монополияға қарсы органдармен, оның ішінде сатып алушылардың, жеткізіп берушілердің немесе зерделеніп отырған рынок субъектілері бәсекелестерінің орналасқан орны бойынша орталық монополияға қарсы органмен өзара іс-әрекет ж а с а й д ы .

## **7. Өтініштерді немесе хабарламаларды беруге қойылатын талаптар**

36. Ақпарат пен құжаттар дұрыс және толық болуға тиіс. Қоса беріліп отырған құжаттар түпнұсқа немесе түпнұсқа көшірмесі түрінде болуға тиіс, соңғы жағдайда өтінішке немесе хабарламаға қол қоятын тұлға және/немесе орган олардың дұрыстығы мен толықтығын жазбаша растауға тиіс.

Жалған мәліметтер беру заң актілеріне сәйкес жауапкершілікке алып келеді.

37. Осы Нұсқаулыққа 1-қосымшада көрсетілген құжаттар мен ақпарат тігілген, қағаз түрінде, сондай-ақ қажет болған жағдайда электрондық тасымалмен берілуге және монополияға қарсы органға өтініш немесе хабарлама беріп отырған тұлғаның немесе органның мөрімен расталуға тиіс. Егер өтінішті немесе хабарламаны жеке тұлға берсе, онда құжаттар мен ақпарат тігілген түрде беріледі және жеке тұлғаның қолымен расталады. Жеке тұлғаның қолы нотариалды түрде расталуға тиіс.

38. Ұсынылып отырған құжаттар (ақпарат) нөмірленген болуға және осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаның 1-бөлімінде көрсетілген параграфтар мен тармақтардың нөмірлерін пайдалана және көрсете отырып берілуге тиіс. Тармақтың әрбір мәселесіне толық жауап берілуге тиіс.

Қандай да бір тармақтың мәселесіне толық жауап беру мүмкін болмаған жағдайда, қолда бар көлемде ақпарат беру және мәлімдеуші үшін тиісті ақпаратты алудың мүмкін еместігінің себептерін көрсету қажет.

Қандай да бір тармақ бойынша дәл ақпарат ұсыну мүмкіндігі болмаған жағдайда, бағалау ақпаратын, оның бағалау болып табылатынын көрсете отырып, сондай-ақ оның көздері мен пайдаланылған бағалау әдістерін көрсете отырып, ұ с ы н у қ а ж е т .

39. Коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты мәлімдеуші "коммерциялық құпия" деген міндетті белгі соға отырып ұсынады және жеке мұқабада жіберуі мүмкін, бірақ бұл кезде өтінішті немесе хабарламаны толық түрде қарауға арналған ақпарат (құжаттар) пакетіне міндетті түрде енгізілуге тиіс.

40. Барлық талап етілетін деректер өтінішті немесе хабарламаны беру жылы алдындағы қаржылық жыл, сондай-ақ өтінішті немесе хабарламаны берген жыл

есепті кезең үшін ұсынылуға тиіс.

Жыл басынан бергі есепті кезең ішінде жасалған деректер болмаған жағдайда, барлық талап етілетін деректер өтінішті немесе хабарламаны беру жылы алдындағы қаржылық жыл үшін ұсынылуға тиіс.

Монополияға қарсы орган қажет болған жағдайда, құжаттар мен ақпараттар беру үшін едәуір ұзақ мерзім белгілей алады.

## **8. Монополияға қарсы органдардың өтініштер мен хабарламаларды қарау нәтижелері**

41. Монополияға қарсы органның шешімі өтінішті немесе хабарламаны қарау нәтижелері бойынша бұйрық нысанында қабылданады. Өтініштерді (хабарламаларды) қарау нәтижелері бойынша монополияға қарсы орган мынадай шешімдер қабылдай алады:

1) Заңның 17-бабына сәйкес тиісті өтініштерді қарау нәтижелері жөнінде: өтінішті қанағаттандыру туралы;

өтінішті бәсекені қамтамасыз етуге бағытталған рынок субъектілерін және олардың бірлестіктерін құру, қайта ұйымдастыру және таратудың ұсынылып отырған жоспарын өзгерту жөнінде талаптар қоя отырып, қанағаттандыру туралы. Сонымен бірге монополияға қарсы органның шешімінде нақты талаптар, оларды қою негіздемесі, сондай-ақ оларды орындау мерзімдері айтылуға тиіс;

өтінішті дәлелденген қорытындымен қабылдамау туралы;

2) Заңның 17-бабына сәйкес тиісті хабарламаларды қарау нәтижелері жөнінде :

рынок субъектілерін және олардың бірлестіктерін құрудың, қайта ұйымдастырудың және таратудың монополияға қарсы заңдар талаптарына сәйкестігін қосымша тексеру туралы;

бәсекенің қажетті шарттарын қалпына келтіру бойынша шаралар қолдану жөнінде нұсқама шығару туралы. Сонымен бірге шешімде рынок субъектілері мен олардың бірлестіктерін құрудың, қайта ұйымдастыру мен таратудың жүзеге асырылған нұсқасын өзгерту жөнінде нақты талаптар, оларды қою негіздемесі, сондай-ақ оларды орындау мерзімдері айтылуға тиіс.

3) Заңның 18-бабына сәйкес тиісті хабарламаларды қарау нәтижелері жөнінде : өтінішті қанағаттандыру туралы;

өтінішті дауыс құқығын беретін акцияларды (үлестерді, пайларды) сатып алудың, негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын немесе материалдық емес активтерді алудың, бәсекені қамтамасыз етуге бағытталған тиісті құқықтарды сатып алудың ұсынылып отырған жоспарын өзгерту жөнінде талаптар қоя отырып,

канағаттандыру туралы. Сонымен бірге монополияға қарсы органның шешімінде оларды қоюдың нақты талаптары, дәлелдері, сондай-ақ оларды орындау мерзімі а й т ы л у ғ а т и і с ;

өтінішті дәлелденген қорытындымен қабылдамау туралы;

4) Заңның 18-бабына сәйкес тиісті хабарламаларды қарау нәтижелері жөнінде :

хабарланған мәміленің (іс-қимылдың) монополияға қарсы заңнаманың талаптарына сәйкестігін қосымша тексеру туралы;

бәсекенің қажетті шарттарын қалпына келтіру бойынша нақты шаралар қолдану жөнінде нұсқама шығару туралы. Сонымен бірге монополияға қарсы органның шешімінде акцияларды (үлестерді, пайларды) сатып алудың, негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын немесе материалдық емес активтерді алудың, тиісті құқықтарды сатып алудың жүзеге асырылған нұсқасын өзгерту жөнінде нақты талаптар, оларды қою негіздемесі, сондай-ақ оларды орындау мерзімдері а й т ы л у ғ а т и і с .

42. Монополияға қарсы органның шешімі мәлімдеушіге тапсырғаны (алғаны) туралы хабарламамен жазбаша түрде жіберіледі, не алғаны туралы белгісімен қ о л ы н а б е р і л е д і .

43. Монополияға қарсы органға белгіленген тәртіппен хабарланған, жасалған мәмілелер (жүзеге асырылған іс-қимылдар) нәтижесінде рынок субъектісінің үстем (монополиялық) жағдайының пайда болу немесе күшею және/немесе шектелу белгілері болмаған жағдайда, соңғысы мәлімдеушіге Заңда белгіленген мерзімде жазбаша түрде тиісті жауап жібереді.

44. Заңның 17 және 18-баптарында көрсетілген және мәлімдеушіге монополияға қарсы заңдардың талаптарына рынок субъектілерін және олардың бірлестіктерін құрудың (қайта ұйымдастырудың, таратудың) сәйкестігін қосымша тексеру туралы шешімге немесе тиісті мәміленің сәйкестігін қосымша тексеру туралы шешімге қатысты уақыт кезеңі монополияға қарсы орган хабарламаны алғаннан кейінгі келесі күні басталады және мерзімнің басынан бастап 15 күн өткенде аяқталады.

Заңның 17-бабының 3-тармағында және 18-бабының 4-тармағында көрсетілген монополияға қарсы органның шешімін орындауға арналған мерзім шешімде ескертілген мерзімнің соңғы күні өткенде аяқталады.

Егер монополияға қарсы органның шешімінде аптамен (аймен) есептелетін мерзімдер ескертілсе, онда мұндай уақыт кезеңі монополияға қарсы органның шешімін алғаннан кейінгі келесі күні басталады және мерзімнің соңғы аптасында (айында) мерзім басталған аптаның сол күнінде аяқталады.

Мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге келген жағдайда, мерзімнің аяқталу күні одан кейінгі келесі жұмыс күні болып есептеледі.

45. Монополияға қарсы органның шешіміне шағымдану Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

46. Орталық монополияға қарсы орган аумақтық монополияға қарсы органдардың өтініштерді қабылдамау, Заңның 17 және 18-баптарында көзделген талаптарды қою жөніндегі, оның қолданылып жүрген заңдарды бұза отырып қабылдаған шешімдерін жоюға немесе оның берілген өкілеттіктері шектерін бұза отырып қабылдаған шешімдерін қабылдамауға құқылы.

47. Монополияға қарсы органның шешімін шешім қабылдаған органның мынадай жағдайларда :

1) егер мәлімдеушілердің монополияға қарсы орган бұрын қабылдаған шешімнің негіздемесі бойынша қарсылықтары дәлелді және негізді деп танылса;

2) орталық монополияға қарсы органның нұсқауы бойынша, егер аумақтық монополияға қарсы орган қабылдаған шешімнің негіздемесі заңсыз немесе шешімнің өзі негізсіз болып табылса, қабылдамауы (өзгертуі немесе толықтыруы) мүмкін.

48. Мәлімдеушінің пікірі бойынша монополияға қарсы орган бұрын қабылдаған шешімді өзгерте алатын қосымша ақпарат пен құжаттарды қарау үшін мәлімдеуші осы Нұсқаулықтың 5-бөлімінде белгіленген тәртіппен өтініш немесе хабарлама береді.

49. Өздері қабылдаған аумақтық монополияға қарсы органдар шешімдерінің көшірмелері орталық монополияға қарсы органға тиісті шешім қабылдау үшін 10 күн мерзім ішінде жіберіледі.

50. Монополияға қарсы орган Іс-қимылдар (мәмілелер) жасауға монополияға қарсы органның келісімін алғаны немесе жасалған мәмілелер (іс-қимылдар) туралы хабарлаған тұлғалардың журналын жүргізеді.

Қазақстан Республикасының  
Табиғи монополияларды реттеу,  
бәсекелестікті қорғау және шағын  
бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі  
төрағасының 2001 жылғы  
2 тамыздағы N 153 - НҚ  
бұйрығымен бекітілген  
Нұсқаулыққа  
1 - қосымша

**1-бөлім. Мәлімдеушінің монополияға қарсы органға өтініштер мен хабарламаларды қарау үшін беретін ақпараты мен құжаттарының**

## **тізбесі 1-тарау. Монополияға қарсы органға бірлестіктер құру туралы өтініш немесе хабарлама беру үшін қажетті құжаттардың тізбесі 1. Жалпы ақпарат**

1. Бірлестіктер құру туралы шешім қабылдаған әрбір тұлға жөнінде мыналар:

1) заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетілген атауы, заңды мекен-жайы, банкілік деректемелері, сондай-ақ басшының аты-жөні, телефонының, факсінің нөмірі;

2) монополияға қарсы органның қызметкерлері байланыс жасай алатын тиісті байланыс жасаушы тұлғаның аты-жөні, мекен-жайы, телефоны, факсі, лауазымы көрсетілуі қажет.

2. Бірлестік құру туралы шешім қабылдаған тұлғалардың уәкілетті өкілдері туралы жалпы ақпарат:

1) егер бірлескен өтініш жіберу кезінде ортақ өкіл тағайындалса, онда мыналар көрсетілуі қажет:

өкілдің атауы (аты-жөні) және заңды мекен-жайы (тұратын жері) көрсетілуі қажет. Жеке тұлғалар үшін - төлқұжатының деректері (сериясы, нөмірі, кім және қашан бергені, азаматтығы) көрсетілуі қажет. Заңды тұлғалар үшін - басшының аты-жөні, телефонының, факсінің нөмірі;

монополияға қарсы органның қызметкерлері байланыс жасай алатын өкілдің байланыс жасайтын тұлғасының телефонының, факсінің нөмірі;

өкіл өкілеттіктерінің жазбаша растамасы - қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, тиісті шешім қабылдаған сол заңды тұлғалардың уәкілетті лауазымды тұлғалары қол қойған және осы заңды тұлғалардың мөрлерімен расталған сенімхаты немесе өзге құжаты;

2) егер ортақ өкілдің сенімгері болса, онда осы қосымшаның 2-тармағының 1) тармақшасында талап етілген егжей-тегжейлер көрсетілуге тиіс;

3) егер ортақ уәкілетті орган болмай, жекелеген тұлғалардың уәкілетті өкілдері болса, онда тиісті шешім қабылдаған тұлғаның әрбір өкілі бойынша осы Қосымшаның 2-тармағының 1-тармақшасында талап етіліп отырған егжей-тегжейлер көрсетілуге тиіс;

4) монополияға қарсы орган барлық хабарлар мен шешімдерді жібере алатын мекен-жай көрсетілуге тиіс.

## **2. Рынок субъектілерінің бірлестігін құру мақсатының негіздемесі**

3. Бірлестік құруды жоспарын және бірлестік құруды қамтамасыз ететін барлық құжаттардың соңғы болжамының көшірмесін, оның ішінде құру туралы шешімдер, келісімдер және басқа қажетті құжаттарды ұсыну қажет.

### **3. Рынок субъектілерінің құрылатын бірлестігі туралы ақпарат**

4. Мыналарды :

- 1) бекітілген жарғыны;
- 2) қол қойылған құрылтай шартты ұсыну қажет;
- 3) бірлестікке берілетін мүліктің құрамы мен мүлікті (оның ішінде ақшаны) беру шарттары көрсетілуге тиіс.

### **4. Рынок субъектілерінің бірлестігі қатысушыларының қызметіне қатысты ақпарат**

5. Әрбір құрылтай (қатысушы) бойынша мыналарды ұсыну қажет:

1) құрылтай құжаттарының және тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін. Егер құрылтайшы (қатысушы) шетелдік заңды тұлға болып табылса, онда құрылтай құжаттарының көшірмелері нотариалды түрде расталады;

2) шетелдік заңды тұлға үшін қосымша мыналарды: шетелдік инвестордың төлем қабілеттілігі туралы, оған қызмет көрсетуші банк немесе өзге несиелік-қаржылық мекеме берген құжатты; ол орналасқан елдің заңдарына сәйкес шыққан елінің сауда тізілімінен немесе оның заңды мәртебесінің балама дәлелдемесінен нотариалды түрде расталған және жария етілген үзінді көшірмені;

егер шетелдік кәсіпорынның немесе шетел қатысатын кәсіпорынның Қазақстан Республикасында тіркелген филиалы (өкілдігі) болса - филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы мәліметтер мен филиал (өкілдік) туралы ереженің көшірмесін;

3) тауар рыногына жеткізіліп берілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлерін;

4) өндірістің, Қазақстан Республикасына жеткізіп берудің (Қазақстан Республикасының жеткізілім көлемі жеткізілімнің жалпы көлемінің 20 пайызынан асатын субъектілерін бөле отырып) және тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) экспорттаудың мүмкіндігінше мемлекеттік статистика органдары белгілеген номенклатура (2-қосымшаның 1-нысаны бойынша) бойынша нақты және құндық көріністегі көлемдерін;

5) Тізілімде тауарлардың атауын, тиісті үлес шамасын және жеткізіп беру географиясын отырып, болуы туралы мәліметтерді ұсыну қажет.

**2-тарау. Монополияға қарсы органға бірлестіктерді қайта ұйымдастыру туралы өтініш немесе хабарлама беру үшін қажетті құжаттардың тізбесі 1. Жалпы ақпарат**

6. Әрбір қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалар бойынша мыналарды:

1) осы Қосымшаның 1-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес ақпаратты;

2) бірлестікті қайта құру туралы құрылтай құжаттарына уәкілетті тиісті тұлғалардың немесе бірлестікті басқару органдарының шешімдерінің көшірмесін  
ұ с ы н у қ а ж е т .

7. Егер қайта ұйымдастыру туралы шешімді бірлестіктің қатысушылары қабылдаса, онда бірлестікті қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған әрбір т ұ л ғ а б о й ы н ш а :

1) осы Қосымшаның 1-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес ақпарат;

2) тауар рыногына жеткізіп берілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлері көрсетілуге тиіс.

8. Бірлестікті қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған тұлғалардың уәкілетті өкілдері туралы осы Қосымшаның 2-тармағының 1)-4) тармақшаларына сәйкес жалпы ақпарат ұсынылуға тиіс.

**2. Рынок субъектілерінің бірлестігін құру мақсатының негіздемесі**

9. Бірлестікті қайта ұйымдастыру мақсатын қысқаша негіздейтін құжаттарды: жаңадан пайда болған заңды тұлғаның қызметіндегі қайта ұйымдастырылған бірлестік қызметімен салыстырғандағы жоспарланған өзгерістер көрсетілген қайта ұйымдастыру жоспарын ұсыну қажет.

**3. Бірлестікті қайта ұйымдастыру нәтижесінде жаңадан пайда болған бірлестік туралы ақпарат**

10. Осы Қосымшаның 4-тармағының 1)-3) тармақшаларына сәйкес ұсыну қажет.

**4. Қайта ұйымдастырылған бірлестіктерге қатысты ақпарат**



11. Қайта ұйымдастырылған бірлестіктер қатысушыларының әрқайсысы жөнiнде мыналарды :

1) құрылтай құжаттарының (жарғы, құрылтай шарты), тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін ;

2) бірлестік қызметінің негізгі түрлерін ;

3) атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, заңды мекен-жайы және тауар рыногына жеткізіп берілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлері көрсетілген қатысушылардың құрамын ұсыну қажет. Әрбір қатысушы жөнiнде тіркеу туралы куәлігінің көшірмесін қоса тіркеңіз ;

4) рынок субъектілерінің кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру немесе оған қатысу үшін құрылғандар туралы мәліметтерді ұсыну қажет.

12. Әрбір рынок субъектісі жөнiнде атауын (ұйымдық-құқықтық нысанын көрсете отырып), орналасқан жерін (заңды мекен-жайын) және бірлестіктің рынок субъектісінің жарғылық капиталын құрайтын акцияларға (үлестерге, пайларға) келетін дауыстардың жалпы санының 5 пайызынан астамына билік ету құқығын алған рынок субъектісі тауар рыногына жеткізіп берілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлері (санамалансын), оның ішінде мыналар жеке көрсетілсін :

1) бірлестік қандай сапада бой көрсетеді (бой көрсетті): акционер; акцияларды тұрақты ұстаушы; акционердің немесе акционерлердің тізілімінде тіркелген акцияларды тұрақты ұстаушының уәкілетті өкілі; кепілдік иесі; үлесші; салымшы және сол сияқты ;

2) рынок субъектісі жарғылық капиталының шамасы ;

3) бірлестік билік жүргізетін акцияларға (үлестерге, пайларға) келетін дауыстардың, оның ішінде рынок субъектісінің жарғылық капиталын құрайтын акцияларға (үлестерге, пайларға) келетін дауыстардың жалпы санынан пайыздағы саны ;

4) акциялардың тұрпаттары (кәдімгі немесе артықшылықты) мен олардың атаулы құны көрсетілуге тиіс .

13. Бірлестіктің атқарушы органы, директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) мүшелерінің, сондай-ақ кез келген өзге ұйымның, оның атауын, ұйымдық-құқықтық нысанын, заңды мекен-жайын, тауар рыногына жеткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлерін және басқару органдарындағы лауазымын көрсете отырып, оның атқарушы органының, директорлар кеңесінің (байқаушы кеңесінің) мүшелері болып табылатындардың лауазымы көрсетілген тізбесін көрсету қажет.

## 5. Тұлғалар тобы

14. Әрбір қайта ұйымдастырылған бірлестік жөнінде бірлестіктер сияқты тұлғалар тобына жататын барлық тұлғалардың тізбесі көрсетілсін. Бұл тізбе бірлестік (бұдан әрі - бақылаушы тұлға) тікелей немесе жанама бақылайтын барлық заңды тұлғаларды қамтуға тиіс. Олардың әрқайсысы бойынша мыналар:

1) атауы (ұйымдық-құқықтық нысанын көрсете отырып);

2) заңды мекен - жайы;

3) тауар рыногына жеткізіп берілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлері;

4) басқару нысаны (тікелей немесе жанама) көрсетілуге тиіс;

5) егер бірлестік тарапынан басқару тікелей болса, жүзеге асырылып отырған бақылау тәсілдерін (яғни бақылау солар арқылы жүзеге асырылатын құқық немесе өкілдік) көрсету қажет, оның ішінде:

бақылаушы тұлға билік ететін акцияларға (үлестерге, пайларға) келетін дауыстардың нақты санын пайызбен көрсете отырып, оның ішінде жарғылық капиталды құрайтын дауыстардың жалпы санына және билік ету түріне (меншік, тұрақты ұстаушы, уәкілетті өкіл және т.б.) заңды тұлғаның акцияларына (үлестеріне, пайларына) келетін дауыстардың жалпы санының 50 пайызына билік ету;

бақыланушы тұлғаның кәсіпкерлік қызметін жүргізу шарттарын айқындау құқығы, нақты қандай қызмет шарттары және қандай шарттардың негізінде екенін көрсете отырып;

бақыланушы тұлғаның атқарушы органы және (немесе) директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) құрамының 50 пайызынан астамын, органды және пайыздық құрам шамасын көрсете отырып, тағайындау құқығы;

б) егер бақылау жанама болса, онда тікелей бақылау жасаушы тұлғаны және жүзеге асырылып отырған бақылау тәсілдері көрсетілуге тиіс.

15. Бірлестіктің сол бір тұлғалармен бірлесе отырып кез келген рынок субъектісінің атқарушы органы, директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) құрамының 50 пайыздан астамын білдіретін атқарушы органы, директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) мүшелерін санап шығу қажет. Олардың әрқайсысы бойынша мыналар:

1) аты - жөні;

2) бірлестіктің басқару органындағы атқаратын қызметі;

3) басқару органдарына кіретін рынок субъектісінің атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, сондай-ақ атқаратын қызметі көрсетілуге тиіс.

Осы тармақта көрсетілген ақпарат бірлестікті бақылау құрылымын көрсететін шежіре түріндегі сызбамен бейнеленуі мүмкін.

### **3-тарау. Монополияға қарсы органға бірлестіктерді тарату туралы өтініш немесе хабарлама беру үшін қажетті құжаттардың тізбесі 1. Жалпы ақпарат**

16. Оған қатысты тарату жүзеге асырылатын бірлестік және таратылатын бірлестік бойынша осы Қосымшаның 1-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес деректер ұсынылуға немесе көрсетілуге тиіс.

17. Егер тарату туралы шешімді бірлестікке қатысушылар қабылдаса, онда бірлестікті тарату туралы шешім қабылдайтын әрбір тұлға жөнінде:

- 1) осы Қосымшаның 1-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес ақпарат;
- 2) заңды тұлға қызметінің негізгі түрлері көрсетілуге тиіс.

18. Бірлестікті тарату туралы шешім қабылдаған тұлғалардың немесе органдардың өкілдері туралы жалпы ақпарат осы Қосымшаның 2-тармағының 1)-4) тармақшаларының талаптарына сәйкес ұсынылады.

### **2. Рынок субъектілерінің бірлестігін тарату мақсатының негіздемесі**

19. Тарату мақсаттарының негіздемесін, сондай-ақ тарату жоспарын және таратылатын заңды тұлғаның қызметімен салыстырғандағы таратылғаннан кейінгі рынок субъектісінің қызметіндегі жоспарланған өзгерістерді ұсыну қажет

### **3. Тарату және бірлестікті тарату жүзеге асырылатын бірлестік туралы ақпарат**

20. Тарату оған қатысты жүзеге асырылатын рынок субъектісі жөнінде осы Қосымшаның 4-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларына сәйкес құжаттарды, сондай-ақ:

- 1) заңды тұлғаның таратылғаннан кейінгі жарғысы мен құрылтай шартын;
- 2) қызметтің негізгі түрлері;
- 3) бірлестіктің таратылғаннан кейінгі жарғысы мен құрылтай шартын;
- 4) бірлестіктің уәкілетті тұлғасының немесе органының тарату туралы шешімін;

5) уәкілетті тұлғаның немесе таратылушы бірлестік органының тарату жолымен қызметті тоқтату туралы шешімін;

6) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін құрылған рынок субъектілері немесе рынок субъектілеріне қатысу туралы мәліметтерді ұсыну қажет.

21. Әрбір рынок субъектісі бойынша жеке осы Қосымшаның 12-тармағына

сәйкес деректерді ұсыну қажет.

22. Осы Қосымшаның 13-тармағында көрсетілген деректер ұсынылсын.

#### **4. Тұлғалар тобы**

23. Оған қатысты тарату жүзеге асырылатын бірлестік бойынша көрсетілген бірлестік сияқты тұлғалар тобына жататын барлық тұлғалардың тізбесі көрсетілуге тиіс.

Бұл тізбеге бірлестік тікелей немесе жанама бақылайтын барлық заңды тұлғалар енгізілуге тиіс.

Олардың әрқайсысы бойынша осы Қосымшаның 14-тармағының 1)-6) тармақшалары мен 15-тармағына сәйкес деректер көрсетілуге тиіс.

#### **4-тарау. Монополияға қарсы органға тиісті тауар рыногындағы үлесі отыз бес пайыздан асатын рынок субъектілерін құру туралы өтініш немесе хабарлама беру үшін қажетті құжаттардың тізбесі 1. Жалпы ақпарат**

24. Рынок субъектісін құру туралы шешім қабылдаған әрбір тұлға бойынша осы Қосымшаның 1-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес деректер, сондай-ақ:

1) жеке тұлғалар үшін - аты-жөні, тұратын жері, төлқұжат деректері (сериясы, нөмірі, кім және қашан берген);

2) мемлекеттік кәсіпорын, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорынның еншілес кәсіпорнын құру кезінде - уәкілетті мемлекеттік органның (жергілікті мемлекеттік басқару органының) кәсіпорын құру туралы шешімінің жобасы (шешімнің көшірмесі) ұсынылуы қажет.

25. Рынок субъектісін құру туралы шешім қабылдаған тұлғалардың уәкілетті өкілдері туралы жалпы ақпарат осы Қосымшаның 2-тармағы 1)-4) тармақшаларының талаптарына сәйкес ұсынылады.

Құрылтайшылардың қызметі мен олардың іскерлік операцияларының географиясында жоспарланған өзгерістерді қамти отырып, рынок субъектісін құру мақсатын қысқаша негіздеңіз. Құрылтайшылардың әрқайсысы бойынша құру жоспарын және рынок субъектісін құру операциясын қамтамасыз ететін барлық құжаттардың, оның ішінде рынок субъектісін құру туралы шешімдерді, шарттарды, келісімдерді және басқа құжаттардың соңғы нұсқаларының көшірмелерін ұсыныңыз.

## 2. Құрылатын рынок субъектісі туралы ақпарат

26. Мыналар:

- 1) бекітілген жарғы;
- 2) құрылтай шарты;
- 3) хабарлама берген кезде - құрылған күні көрсетілуге тиіс;
- 4) тауар рыногына жеткізіліп берілетін негізгі тауар түрлерін санамалау (тұтынушы үшін құрылтайшылардың тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) түрлерімен қабаттас тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) ұқсас немесе өзара алмасатын түрлері ерекше аталсын) ұсынылуы қажет;
- 5) құрылтайшылардың әрқайсысы бойынша мыналар:  
рынок субъектісіне берілетін мүліктің құрамы;  
берілетін мүліктің белгіленуі (мүлік қандай тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндіру үшін арналған);  
мүлікті беру шарттары көрсетілуге тиіс.

## 3. Рынок субъектісіне қатысты ақпарат (мемлекеттік органдар үшін толтырылмайды)

27. Әрбір құрылтайшы бойынша (мемлекеттік органдардан басқа) мыналар:

- 1) шетелдің қатысуымен кәсіпорын құру кезінде осы Қосымшаның 2-тармағы 1)-4) тармақшаларына сәйкес, сондай-ақ жеке тұлғалар үшін - төлқұжат деректері, азаматтығын растайтын құжаттар, заңды тұлғалар үшін - меншік иесінің немесе уәкілетті органның кәсіпорын құру туралы шешімі;
- 2) шетелдің қатысуынсыз кәсіпорын құру кезінде:  
заңды тұлғалар үшін - тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;  
жеке тұлғалар үшін - төлқұжат деректері ұсынылуы қажет;
- 3) активтердің баланстық құнын (шетелдік заңды тұлғалар үшін - жалпы активтер) көрсетілуге тиіс; өтінішті берер алдындағы күнге соңғы бекітілген балансты ұсыну қажет;
- 4) рынок субъектісінің тауар рыногына жеткізіп беретін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлері санамалануға тиіс.
- 5) егер шетел қатысқан кәсіпорынның немесе шетелдік заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында филиалы (өкілдігі) болса, онда тауар рыногына филиал (өкілдік) жеткізіп беретін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлерін қосымша санап шығыңыз;

6) тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндірудің, Қазақстан Республикасына жеткізіп берудің және экспорттаудың мүмкіндігінше мемлекеттік статистика органдары белгілеген номенклатура (2-қосымшаның 1-нысаны бойынша) бойынша (Қазақстан Республикасының жеткізіп беру көлемі 20 пайыздан асатын субъектілерін шығара отырып), нақты және құндық көріністегі көлемдері;

7) егер шетел қатысқан кәсіпорынның немесе шетелдік заңды тұлғаның ҚР-да филиалы (өкілдігі) болса, онда осы тармақтың 5-тармақшасының 1-абзацында санамаланған, филиал (өкілдік) жөніндегі ақпарат;

8) тауарлар атауын көрсете отырып, тиісті үлес шамасы мен жеткізіп беру географиясының Тізілімде барлығы туралы мәліметтер;

9) бірлестіктің атқарушы органы, директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) мүшелерінің, сондай-ақ кез келген өзге коммерциялық ұйымның, оның атауын, ұйымдық-құқықтық нысанын, заңды мекен-жайын, тауар рыногына жеткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлерін және басқару органдарындағы лауазымын көрсете отырып, оның атқарушы органы, директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) мүшелері болып табылатындардың лауазымы көрсетілген тізбесі көрсетілуге тиіс.

## **5-тарау. Монополияға қарсы органға рынок субъектісін қайта ұйымдастыру туралы өтініш немесе хабарлама беру үшін қажетті құжаттардың тізбесі**

### **1. Өтініш (хабарлама) беруші тұлғалар туралы жалпы ақпарат**

28. Қайта ұйымдастырылатын рынок субъектілерінің әрқайсысы бойынша (өтініш берген кезде) немесе рыноктың жаңадан пайда болған субъектісі бойынша (хабарлама берген кезде) осы Қосымшаның 1-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес деректер, сондай-ақ уәкілетті тұлғалардың немесе басқару органдарының заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру туралы шешімі көрсетілуге тиіс.

Егер рынок субъектісін қайта ұйымдастыру туралы шешімді уәкілетті мемлекеттік органдар қабылдаса, онда рынок субъектісін қайта ұйымдастыру туралы (өтініш берген кезде) уәкілетті мемлекеттік орган шешімінің жобасын немесе шешімнің көшірмесін (хабарлама берген кезде) ұсыну қажет.

29. Рынок субъектісін қайта ұйымдастыру туралы (өтініш берген кезде) немесе жаңадан пайда болған уәкілетті өкіл (хабарлама берген кезде) шешім қабылдайтын тұлғалардың уәкілетті тұлғалары туралы жалпы ақпарат осы

Қосымшаның 2-тармағы 1)-4) тармақшаларының талаптарына сәйкес ұсынылуға  
т и і с .

30. Рынок субъектісін құрудың, құрылтайшылар қызметіндегі немесе олардың іскерлік операцияларының географиясындағы өзгерістердің мақсатын қысқаша негіздеу қажет.

31. Өтініш берген кезде қайта ұйымдастыру жоспарын (әлеуетті ұсыныстар, ұсынымдар) ұсыну қажет және жаңадан пайда болған рынок субъектісінің қайта ұйымдастырылған рынок субъектісімен салыстыру жөніндегі қызметіне жоспарланған өзгерістер көрсетілуге тиіс.

32. Қайта ұйымдастыру нәтижесінде жаңадан пайда болатын (жаңадан пайда болған) рынок субъектісі туралы ақпарат.

М ы н а л а р д ы :

1) өтініш берген кезде - жаңадан пайда болған рынок субъектісінің бекітілген жарғысын және құрылтайшылар қол қойған құрылтай шартын.

Хабарлама берген кезде - құрылтайшы құжаттардың (жарғы, құрылтай шарты, тіркеу туралы куәлік, тіркелген күні) көшірмесін;

2) жаңадан пайда болатын (жаңадан пайда болған) рынок субъектісі қызметінің негізгі түрлерін;

3) жаңадан пайда болатын (жаңадан пайда болған) рынок субъектісіне өткізілетін (өткізілген) мүліктерінің құрамы мен мүліктерді өткізу шарттарын ұсыну қажет ;

4) өткізу актісінің жобасына (өткізу актісіне) сәйкес жаңадан құрылатын (құрылған) заңды тұлғаға өтетін (өткен) қайта ұйымдастырылатын (қайта ұйымдастырылған) барлық рынок субъектілерінің әрқайсысының құқықтары мен міндеттері көрсетілуге тиіс. Қайта ұйымдастырылатын (қайта ұйымдастырылған) рынок субъектілерінің әрқайсысының өткізу актісінің жобасын (өткізу актісінің көшірмесін) қоса тіркеу қажет.

## **2. Қайта ұйымдастырылып отырған (қайта ұйымдастырылған) рынок субъектілеріне қатысты ақпарат**

33. Қайта ұйымдастырылып отырған (қайта ұйымдастырылған) рынок субъектілерінің әрқайсысы бойынша мыналар:

1) құрылтай құжаттардың (жарғы, құрылтай шарты), тіркеу туралы куәліктің көшірмесі ;

2) өтініш берер алдындағы күнге берілген соңғы бекітілген баланстың көшірмесі ;

3) тауар рыногына жеткізіп берілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлері (санамалау);

4) Қазақстан Республикасына жеткізіп берілетін өндірістің (жеткізіп беру көлемі 20 пайыздан асатын Қазақстан Республикасы субъектілерін шығара отырып) нақты және құндық көріністегі (мүмкіндігінше мемлекеттік статистика органдары белгілеген номенклатура бойынша) тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) (N 1 нысан бойынша 2-қосымша экспортының көлемі;

5) тауарлардың атауы, жеткізілімнің тиісті үлесінің шамасы мен географиясы көрсетіле отырып, Тізілімде болу туралы мәліметті ұсыну қажет немесе  
к ө р с е т і л у г е т и і с .

34. Қайта ұйымдастырылып отырған рынок субъектісі (өтініш берген кезде) қатысатын немесе қайта ұйымдастырылған рынок субъектісі қатысқан әрбір рынок субъектісі бойынша, жаңадан пайда болған рынок субъектісінің ( хабарлама берген кезде) тиісті құқықтарын беруді жүзеге асыра отырып, м ы н а л а р д ы :

1) рынок субъектісінің жарғылық (қоймалық) капиталын құрайтын акцияға ( салымдарға, үлестерге) келетін дауыстардың жалпы санының 5 пайыздан астамына билік ету құқығын алған қайта ұйымдастырылып отырған (қайта ұйымдастырылған) рынок субъектісі рынок субъектілерінің тауар рыногына ( санамалау) жеткізіп берілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің ) атауын (ұйымдық-құқықтық нысанын көрсете отырып), орналасқан жерін ( заңды мекен-жайын) және негізгі түрлерін көрсету қажет;

2) қайта ұйымдастырылып отырған (қайта ұйымдастырылған) рынок субъектісі (акционер; акцияларды тұрақты ұстаушы; акционерлердің Тізілімінде тіркелген акционердің немесе акцияларды тұрақты ұстаушының уәкілетті өкілі; салық ұстаушы; үлесші; салымшы және т.б.) қай реттерде бой көрсететінін (бой көрсеткенін) ;

3) рынок субъектісінің жарғылық капиталының шамасын; сатып алушы билік ететін акцияларға (салымдарға, пайларға) келетін дауыстардың, оның ішінде рынок субъектісінің жарғылық капиталын құрайтын акцияларға (салымдарға, үлестерге) келетін дауыстардың жалпы санының п а й ы з д а ғ ы с а н ы н ;

4) акциялардың тұрпаттары (қарапайым немесе басымдықты) және олардың атаулы қ ұ н ы н көрсету қажет;

5) өкілеттіктерді растайтын құжаттардың көшірмесін қоса тіркеу қажет.

35. Қайта ұйымдастырылып отырған рынок субъектісінің әрқайсысы бойынша өтініш берген кезде - кез келген өзге рынок субъектісінің атқарушы органы, директорлар кеңесі (байқаушы кеңес) мүшелері болып табылатын лауазымды көрсете отырып, оның атауын, ұйымдық-құқықтық нысанын, заңды



мекен-жайын тауар рыноктарына жеткізіп берілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлерін және басқару органдарындағы атқаратын қызметін көрсете отырып, қайта ұйымдастырып отырған рынок субъектісінің атқарушы органы, директорлар кеңесі (байқаушы кеңес) мүшелерінің тізбесі көрсетілуге тиіс.

### 3. Тұлғалар тобы

36. Қайта ұйымдастырылып отырған рынок субъектілерінің (өтініш берген кезде), қайта ұйымдастырылған рынок субъектісінің әрқайсысы бойынша және жаңадан пайда болған рынок субъектісіне (хабарлама берген кезде) рынок субъектісі көрсеткен тұлғалардың сол бір тобына жататын барлық тұлғалардың тізбесі көрсетілуге тиіс. Рынок субъектісінің тікелей немесе жанама бақылайтын (бақылаған) барлық заңды және/немесе жеке тұлғаларды санап шығу қажет.

Олардың әрқайсысы бойынша:

- 1) ұйымдық-құқықтық нысаны (аты-жөні) көрсетілген атауы;
- 2) заңды мекен-жайы (тұрғылықты жері);
- 3) тауар рыногына (санамалау) жеткізіп берілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлері;
- 4) бақылау (тікелей және жанама) нысаны;
- 5) тікелей бақылауға алынған заңды тұлғаны және оны бақылау тәсілін (бақылау жүзеге асырылатын (асырылған) құқық немесе өкілдік), оның ішінде: заңды тұлғаның акцияларына (салымдарына, үлестеріне) келетін дауыстардың жалпы санының 50 пайыздан астамына бақылаушы тұлға билік ететін акцияларға (үлестерге, пайларға) келетін дауыстардың нақты, оның ішінде жарғылық капиталды құрайтын дауыстардың жалпы санының пайыздағы санын және билік етудің түрін (жекеменшік, тұрақты ұстаушы, уәкілетті өкіл және т.б.) көрсете отырып, билік етуі;

бақыланатын тұлғаның кәсіпкерлік қызмет жүргізу шартын, атап айтқанда, қызметтің қандай шарттарының және қандай шарттардың негізінде екенін көрсете отырып, айқындау құқығы;

органды және пайыздық құрамның шамасын көрсете отырып, бақыланатын тұлғаның атқарушы органы және/немесе директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) құрамының 50 пайызынан астамын тағайындау құқығы көрсетілуге тиіс.

37. Осы Қосымшаның 36-тармағында санамаланған әрбір тұлға жөнінде олар тікелей немесе жанама бақылайтын тұлғалардың (осы Қосымшаның 36-тармағында тікелей көрсетілген тұлғаларды қоспағанда), тізбесі осы Қосымшаның 14-тармағы 1)-4) тармақшаларының талаптарына сәйкес деректерді

көрсете отырып, көрсетілуге тиіс.

Егер бақылау тікелей болса, рынок субъектісінің тарапынан бақылауды жүзеге асыратын тәсілдер (бақылауды жүзеге асыратын құқық немесе өкілеттік) көрсетілуге тиіс. Егер бақылау жанама болса, онда тікелей бақылауды жүзеге асырушы тұлға және жүзеге асырылатын бақылаудың тәсілдері көрсетілуге тиіс.

38. Рынок субъектісі тікелей немесе жанама бақылайтын (бақыланған) барлық заңды тұлғалар, олардың әрқайсысы бойынша осы Қосымшаның 14-тармағы 1)-4) тармақшаларының талаптарына сәйкес деректерді көрсете отырып.

Егер бақылау тікелей болса, рынок субъектісінің тарапынан бақылауды жүзеге асыратын тәсілдер (осы Қосымшаның 36-тармағында көрсетілген егжей-тегжейлер арқылы бақылауды жүзеге асыратын құқық немесе өкілеттік) көрсетілуге тиіс. Егер бақылау жанама болса, онда тікелей бақылауды жүзеге асырушы тұлға және осы Қосымшаның 36-тармағында көрсетілген егжей-тегжейлермен жүзеге асырылған бақылау тәсілдері көрсетілуге тиіс.

39. Хабарлама берген кезде - өзін басқа рынок субъектісінің атқарушы органы, директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) құрамының 50 пайызынан астамын құрайтынын сол бір жеке тұлғалармен бірлесіп білдіретін жаңадан пайда болған рынок субъектісі атқарушы органы, директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) мүшелерін санап шығыңыз.

Олардың әрқайсысы бойынша:

1) а т ы - ж ө н і ;

2) рынок субъектісінің басқару органындағы атқаратын қызметі;

3) өзі басқару органына кіретін рынок субъектісінің атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны мен заңды мекен-жайы, сондай-ақ атқаратын қызметі көрсетілуге тиіс.

Осы параграфта көрсетілген ақпарат рынок субъектісімен тұлғалардың бір тобына жататын тұлғалармен өзара байланысын көрсететін шешіре түріндегі сызбалармен безендірілуі мүмкін.

**6-тарау. Монополияға қарсы органға рынок субъектісін тарату туралы өтініш немесе хабарлама беру үшін қажетті құжаттардың тізбесі 1. Өтініш немесе хабарлама беруші тұлғалар туралы жалпы ақпарат**

40. Таратуды жүзеге асыруға қатысты рынок субъектісі мен таратылған рынок субъектісі (өтініш берген кезде) немесе басқа рынок субъектісін тарататын рынок субъектісі (хабарлама берген кезде) осы Қосымшаның 1-тармағының 1), 2)

тармақшаларына сәйкес деректерді, сондай-ақ меншік иесінің немесе таратылатын рынок субъектісінің уәкілетті органының қызметті тарату жолымен тоқтату туралы шешімін ұсынуға тиіс.

Егер рынок субъектісін тарату туралы шешімді уәкілетті мемлекеттік органдар қабылдаса, онда уәкілетті мемлекеттік органның рынок субъектісін (өтініш берген кезде) қайта ұйымдастыру туралы шешімінің жобасы немесе шешімнің (хабарлама берген кезде) көшірмесі, сондай-ақ монополияға қарсы органдар қызметкерлері байланыс жасай алатын лауазымды тұлғаның телефонының, факсінің нөмірі ұсынылады.

41. Рынок субъектісін (өтініш берген кезде) тарату немесе басқа рынок субъектісін тарататын (хабарлама берген кезде) рынок субъектісінің уәкілетті өкілі туралы шешім қабылдайтын тұлғалардың уәкілетті өкілдері туралы жалпы ақпарат .

Егер тарату туралы бірлескен өтініш жолдаған кезде ортақ өкіл тағайындалса, онда осы Қосымшаның 2-тармағының 1), 2)-4) тармақшаларына сәйкес деректер көрсетілуге тиіс .

42. Рынок субъектісін тарату мақсатын қысқаша түсіндіру қажет.

43. Өтініш берген кезде тарату жоспарын ұсыну қажет.

Хабарлама берген кезде басқа рынок субъектісін таратқан рынок субъектісін және осы Қосымшаның 1-тармағының 1, 2-тармақшаларына сәйкес тарату нәтижесінде қызметін тоқтатқан рынок субъектісін қайта ұйымдастыру алдындағы күнге ақпарат ұсынылады.

## **2. Таратылғаннан кейінгі рынок субъектісіне қатысты ақпарат**

4 4 . М ы н а л а р д ы :

1) өтініш берген кезде - таратылған рынок субъектісінің жарғысы мен құрылтай шартын ;

хабарлама берген кезде - құрылтай құжаттардың (жарғы, құрылтай шарты) көшірмесін, тіркеу туралы куәлікті, тіркелген күнін көрсете отырып, ұсыну қажет немесе көрсетуге тиіс ;

2) қайта ұйымдастырылғаннан кейін тауар рыноктарына жеткізіп берілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлерін;

3) таратуды жүзеге асыратын рынок субъектісінің берілетін (берілген) мүлік құрамы мен мүлікті беру шарттарын ұсыну қажет немесе көрсетуге тиіс;

4) таратуды өткізу актісіне сәйкес жүзеге асыратын (жүзеге асырған) рынок субъектісіне өтетін (өтініш берген кезде) немесе өткен (хабарлама берген кезде) таратылатын рынок субъектісінің барлық құқықтары мен міндеттерін көрсету

қ а ж е т .

Таратылатын (таратылған) рынок субъектісінің өткізу актісінің жобасын ( өткізу актісінің көшірмесін) қоса тіркеу қажет.

### **3. Таратылғанға дейінгі рынок субъектісіне қатысты ақпарат**

45. Өтініш немесе хабарлама берген кезде - ақпарат осы Қосымшаның 12-тармағына және 14 пен 15-тармақтарына сәйкес ұсынылады.

### **4. Тұлғалар тобы**

46. Өтініш берген кезде - ақпарат қайта ұйымдастырылған рынок субъектілерінің әрқайсысы бойынша осы Қосымшаның 16-тармағына сәйкес ұсынылады.

Хабарлама берген кезде - ақпарат рынок субъектісін, таратылған рынок субъектісін және тарату нәтижесінде қызметін тоқтатқан рынок субъектісін қайта ұйымдастыру алдындағы күнге ұсынылады.

### **7-тарау. Монополияға қарсы органға рынок субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс құқығын беретін акцияларды (үлестерді, пайларды) сатып алу туралы өтініш немесе хабарлама беру үшін қажетті құжаттардың тізбесі 1. Сатып алушы туралы жалпы ақпарат**

47. Дауыс құқығы берілген рынок субъектісінің акцияларын (үлестерін, пайларын) сатып алуға ниеттенген (сатып алған), яғни оның ішінде осы акциялардағы (үлестердегі, пайлардағы) көрініс тапқан дауыс құқығын сенім басқармасының сатып алу-сату шартының, тапсырмалардың немесе өзге мәмілелердің (бұдан әрі - сатып алушы) негізінде іске асыруды бірлесе жүзеге асыру мүмкіндігін алуға ниеттенген (алған) әрбір тұлға бойынша осы Қосымшаның 1-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес деректер, сондай-ақ жеке тұлға үшін - төлқұжатының деректері (сериясын, нөмірін, кім бергенін), азаматтығы туралы мәліметтерді көрсету керек немесе ұсыну қажет.

### **2. Сатып алушының (сатып алушылардың) уәкілетті өкілдері туралы жалпы ақпарат**

48. Егер акцияларды (үлестерді, пайларды) сатып алу туралы өтініш ( хабарлама) жіберген кезде ортақ өкіл тағайындалса, онда осы Қосымшаның 2-

тармағының 1)-4) тармақшаларына сәйкес деректер көрсетілуге тиіс:

1) мынадай көрсеткіштерді: сатып алушының балансы бойынша активтер құнының, тұлғалардың сол бір тобына және сатып алушы да жататын барлық заңды тұлғалардың баланстары бойынша активтер құнының және рынок субъектісінің балансы бойынша активтер құнының сомасын құрайтын шама қ а н д а й и н т е р в а л д а :

айлық есептік көрсеткіштің 50000 еседен 100000 есеге дейінгі мөлшерін;

айлық есептік көрсеткіштің 100000 еседен астам мөлшері сатып алынатын а к ц и я л а р д ы ( ү л е с т е р д і );

2) хабарлама берген кезде - мәміле жасау (шарт жасасу) күнін көрсету қажет.

### **3. Болжанып отырған мәміле (өтініш берген кезде) туралы ақпарат немесе жасалған мәміле (хабарлама берген кезде) туралы ақпарат**

49. Жасалып отырған (жасалған) мәмілелердің мақсатын, сатып алушының қызметіндегі немесе оның іскерлік операцияларының географиясындағы жоспарланған өзгерістерді қоса көрсету қажет.

50. Мәмілелердің (акцияларды (үлестерді) сатып алу-сату шартының) заңды нысанын көрсету қажет, (оның ішінде конкурс бойынша, аукционда немесе өзге тәсілмен (қандайымен екенін нақты көрсетіңіз); сенім басқармасының шартын; тапсырма шартын; кепілдік шартын; акцияларда (үлестерде, пайларда) көрініс тапқан дауыс беру құқықтарын алуға байланысты өзге шарттық нысанды (нақты н ы с а н ы н ) к ө р с е т у қ а ж е т .

51. Сатып алынатын (өтініш берген кезде) немесе сатып алынған (хабарлама берген кезде) дауыс құқығын беретін акциялар (үлестер, пайлар) бойынша:

1) акциялардың (үлестердің, пайлардың) саны мен олардың атаулы құнын;

2) рынок субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс құқығын беретін акциялардың (үлестердің, пайлардың) жалпы санындағы пайыздық үлесін;

3) акциялары (үлестері, пайлары) сатып алынатын рынок субъектісінің жарғылық капиталындағы пайыздық үлесін;

4) сатып алынатын акциялар (үлестер, пайлар) бойынша дауыс беру құқығы бар (ақпарат сатып алынатын акциялардың әрбір тұрпаты бойынша жеке беріледі ) дауысқа қойылатын мәселелердің тізбесін көрсету қажет.

52. Егер акциялар (үлестер, пайлар) дауыс беру құқығынсыз бір мезгілде сатып алынатын (сатып алынған) болса:

1) акциялардың (үлестердің, пайлардың) саны мен олардың атаулы құнын;

2) рынок субъектісінің жарғылық капиталында дауыс құқығынсыз

акциялардың (үлестердің) жалпы санындағы пайыздық үлесін және акциялары (үлестері, пайлары) сатып алынатын рынок субъектісінің жарғылық капиталындағы пайыздық үлесін;

3) дауыс беру құқығынсыз сатып алынатын барлық акциялардың (үлестердің, пайлардың) акциялары (үлестері, пайлары) сатып алынатын рынок субъектісінің жарғылық капиталындағы құнын;

4) дауыс беретін акциялардағы (үлестердегі) акцияларды (үлестерді, пайларды) дауыс беру құқығынсыз айырбастау мүмкіндігін көрсету қажет.

53. Шарт жобасының (өтініш берген кезде) соңғы нұсқасын немесе осы мәмілеге қатысты шарттың (хабарлама берген кезде) көшірмесін ұсыну қажет.

54. Рынок субъектісіне қатысы сатып алушыда мәміле жасалғанға дейін акциялары (үлестері, пайлары) сатып алынатын (өтініш берген кезде) бар немесе (хабарлама берген кезде) бар құқықтардың көлемін, оның ішінде:

1) рынок субъектісінің акцияларында (үлестерінде, пайларында) көрініс тапқан дауыстарға билік ететін бар құқықтар арқылы;

мәміле жасалғанға дейін сатып алынған дауыс құқығын беретін акциялардың (үлестердің, пайлардың) санын, атаулы құнын, сондай-ақ рынок субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс құқығын беретін акциялардың (үлестердің, пайлардың) жалпы санындағы пайыздық үлесін және олардың рынок субъектісінің жарғылық капиталындағы пайыздық үлесін;

мәміле жасалғанға дейін акциялары (үлестері, пайлары) сатып алынатын рынок субъектісінің жарғылық капиталындағы барлық сатып алынған дауыс құқығын беретін акциялардың (үлестердің, пайлардың) құнын;

акцияларда (үлестерде, пайларда) көрініс тапқан, бұрын сатып алынған дауыс беру құқықтарының көлемін көрсету қажет; сізде рынок субъектісі қызметінің қандай мәселелері бойынша дауыс беру құқығы бар, акцияларда (үлестерде, пайларда) көрініс тапқан дауыстарға билік ете отырып, әлеуетті түрде сайлай алатын осы органдардың сандық құрамына пайыздық қатынастағы директорлар кеңесі (байқаушы кеңес), рынок субъектісінің атқарушы органы мүшелерінің с а н ы н с а н а п ш ы ғ у қ а ж е т ;

мәміле жасалғанға дейінгі дауыс беру құқығынсыз қолда бар акциялардың (үлестердің) саны мен олардың рынок субъектісінің жарғылық капиталындағы пайыздық үлесін көрсету қажет. Дауыс беретін акциялардағы (үлестердегі) акцияларды (үлестерді, пайларды) дауыс беру құқығынсыз айырбастау мүмкіндігін көрсету қажет.

2) өзге тәсілдермен алынған құқықтар арқылы рынок субъектісін, оның кәсіпкерлік қызметін жүргізу шартын айқындау үшін:

жасалған шарт негізінде: шарттың көшірмесін қоса тіркеу қажет, рынок субъектісі қабылдаған дәл қандай шешімді акцияларды (үлестерді, пайларды)

сатып алушы айқындайтынын түсіндіру қажет;

рынок субъектісі атқарушы органының өкілдіктер алу негізінде: шарттың көшірмесін қоса тіркеу қажет.

55. Мәміле жасалғаннан кейін, акциялары (үлестері, пайлары) сатып алынатын рынок субъектісіне қатысты сатып алушы (өтініш берген кезде) алатын немесе (хабарлама берген кезде) алған құқықтарының көлемін сипаттау қажет, оның ішінде:

1) сатып алушы мәміле жасалғаннан кейін дауыстарына билік ететін (билік етіп отырған) рынок субъектісінің акцияларының (үлестерінің, пайларының) саны мен атаулы құны, сондай-ақ олардың рынок субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс құқығын беретін акцияларының (үлестерінің, пайларының) жалпы санындағы пайыздық үлесін және рынок субъектісінің жарғылық капиталындағы пайыздық үлесін;

2) рынок субъектісінің директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі), атқарушы органы мүшелерінің акциялар (үлестер) сатып алынғаннан кейінгі оларда көрініс тапқан дауыстарға билік ете отырып, өзіңіз сайлай алатын осы органдардың сандық құрамына пайыздық арақатынастағы санын.

56. Акцияларда (үлестерде, пайларда) көрініс тапқан дауыс құқығын беретін тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысаны (аты-жөні), заңды мекен-жайы (тұрғылықты жері) көрсетілген атауын көрсету қажет.

#### **4. Дауыс құқығын беретін акцияларды (үлестерді, пайларды) сатып алушы туралы ақпарат**

57. Дауыс құқығын беретін акцияларды (үлестерді, пайларды) сатып алушы бойынша осы Қосымшаның 5-тармағының 1)-4) тармақшаларына сәйкес деректерді, сондай-ақ жеке тұлғалар үшін - төлқұжат деректерін, азаматтығын ұсыну қажет немесе көрсету керек.

58. Активтердің баланстық құнын, шетелдік заңды тұлғалар үшін - жалпы активтер ұсыну қажет.

Өтініш берер алдындағы күнгі соңғы бекітілген балансты қоса тіркеу қажет.

59. Егер шетел қатысатын кәсіпорын - сатып алушының немесе шетелдік заңды тұлға-сатып алушының Қазақстан Республикасында филиалы (өкілдігі) бар болса, онда тауар рыногына филиал (өкілдік) жеткізіп беретін тауарларының (жұмыстарының, қызмет көрсетулерінің) негізгі түрлерін қосымша санап шығуыңыз.

60. Егер шетел қатысатын кәсіпорынның немесе шетелдік заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында филиалы (өкілдігі) бар болса, онда осы Қосымшаның 1-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес деректерді, осы

Қосымшаның 5-тармағының 4-тармақшасында санамаланған филиал (өкілдік) жөніндегі ақпаратты қосымша ұсыну қажет.

61. Акцияларды (үлестерді, пайларды) сатып алушының өзге рынок субъектілеріне қатысуы туралы мәліметтер (оның ішінде құрылтайшы):

1) егер сатып алушы мемлекеттік кәсіпорын болып табылса, олар құрған еншілес барлық кәсіпорынды, атауын, ұйымдық-құқықтық нысанын, заңды мекен-жайын және тауар рыногына жеткізіп берілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлерін көрсете отырып, санап шығыңыз ;

2) сатып алушы қатысатын әрбір рынок субъектісі жөнінде: атауын (ұйымдық-құқықтық нысанын көрсете отырып), орналасқан жерін (заңды мекен-жайын), сол бір рынок субъектісінің тауар рыногына жеткізіп берілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлерін көрсету қажет, сатып алушы :

рынок субъектісінің жарғылық капиталын құрайтын акцияларға (пайларға, үлестерге) келетін жалпы дауыс санының 5 пайыздан астамына билік ету құқығын алды ма, соны көрсету қажет, оның ішінде:

сатып алушы қай ретте бой көрсететінін (акционер; акцияларды тұрақты ұстаушы; акционердің немесе акционерлердің тізілімінде тіркелген акцияларды тұрақты ұстаушысының уәкілетті өкілі; салық ұстаушы; үлесші; салымшы және т . б . ) ;

рынок субъектісінің жарғылық капиталының шамасын;

сатып алушы билік ететін акцияларға (пайларға, үлестерге) келетін дауыс санын, оның ішінде рынок субъектісінің жарғылық капиталын құрайтын акцияларға (пайларға, үлестерге) келетін жалпы дауыстың пайыздағы санын;

акциялардың тұрпаттарын (қарапайым немесе басымдықты) және олардың атаулы құнын көрсету қажет.

62. Кез келген өзге рынок субъектісінің атқарушы органның, директорлар кеңесінің (байқаушы кеңесінің) оның атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, заңды мекен-жайы, тауар рыноктарына жеткізіп берілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлері көрсетілген мүшелері болып табылатын сатып алушының лауазымы көрсетілген атқарушы органы, директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) мүшелерінің тізбесін және атқаратын қызметін көрсету қажет.

63. Егер сатып алушы жеке тұлға болып табылса, онда өзіңіз кіретін басқару органының (атқарушы органның, директорлар кеңесінің (байқаушы кеңесінің) тауар рыноктарына жеткізіп берілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің атауын, ұйымдық-құқықтық нысанын, заңды мекен-жайын, негізгі түрлерін көрсете отырып), атқаратын қызметі көрсетілген барлық рынок субъектілерін санап шығыңыз.



## 5. Тұлғалардың сол бір тобына сатып алушы да жататын тұлғалар туралы ақпарат

64. Тұлғалардың сол бір тобына сатып алушы да жататын барлық тұлғалардың тізбесін көрсету қажет:

1) сатып алушыны тікелей немесе жанама бақылайтын барлық заңды және/немесе жеке тұлғалар; олардың әрқайсысы бойынша:

ұйымдық-құқықтық нысанын көрсетілген атауын (аты-жөнін);  
заңды мекен-жайын (тұрғылықты жерін);

тауар рыногына жеткізіп берілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлерін (санап шығу);

бақылау нысанын (тікелей, жанама);

тікелей бақылауда жүрген заңды тұлғаны және оның бақылау тәсілін (бақылауды жүзеге асыратын құқық немесе өкілеттік), оның ішінде:

заңды тұлғаның акцияларына (үлестеріне, пайларына) келетін дауыстардың жалпы санының 50 пайыздан астамына бақылаушы тұлға билік ететін акцияларға (үлестерге, пайларға) келетін дауыстардың нақты санын, оның ішінде жарғылық капиталды құрайтын дауыстардың жалпы пайыздағы санын және билік ету (жекеменшік, тұрақты ұстаушы, уәкілетті орган және т.б.) түрі көрсетілген билік е т у д і ;

бақыланып отырған тұлғаның кәсіпкерлік қызметін, атап айтқанда, қызметтің қандай талаптарының және қандай шарттардың (шешімдердің) негізінде екенін көрсете отырып, жүргізу шартын айқындау құқығын;

бақыланып отырған тұлғаның атқарушы органы және (немесе) директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) құрамының 50 пайыздан астамын органды және пайыздық құрамның шамасын көрсете отырып, тағайындау құқығын көрсету қ а ж е т ;

2) осы Қосымшаның 64-тармағының 1) тармақшасында санамаланған тұлғаның әрқайсысы бойынша, олар тікелей немесе жанама бақылайтын тұлғалардың (осы Қосымшаның 64-тармағының 1) тармақшасында тікелей көрсетілген тұлғаларды қоспағанда) тізбесін және мыналарды:

а т а у ы н ;

ұ й ы м д ы қ - қ ұ қ ы қ т ы қ н ы с а н ы н ;

з а ң д ы м е к е н - ж а й ы н ;

тауар рыноктарына жеткізіп берілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлерін (санап шығу);

жүзеге асырылып отырған бақылау (тікелей немесе жанама) нысанын көрсете о т ы р ы п , к ө р с е т у қ а ж е т .

Егер бақылау тікелей жасалса, жүзеге асырылып отырған бақылау тәсілдерін (бақылау жүзеге асырылатын құқықты немесе өкілдікті) көрсету қажет.

Егер бақылау жанама жасалса, онда тікелей бақылауды жүзеге асыратын тұлғаны және жүзеге асырылып отырған бақылау тәсілдерін;

3) сатып алушы тікелей немесе жанама бақылайтын барлық заңды тұлғаларды көрсету қажет.

Олардың әрқайсысы бойынша:

атауын;

ұйымдық-құқықтық нысанын;

заңды мекен-жайын;

тауар рыноктарына жеткізіп берілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлерін (санап шығу);

жүзеге асырылып отырған бақылау (тікелей немесе жанама) нысанын көрсету қажет.

Егер бақылау тікелей жасалса, сатып алушы тарапынан жүзеге асырылып отырған бақылау тәсілдерін (осы Қосымшаның 64-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген егжей-тегжейлермен жүзеге асырылатын құқықты немесе өкілдікті) көрсету қажет.

Егер бақылау жанама жасалса, онда тікелей бақылауды жүзеге асыратын тұлғаны және осы Қосымшаның 64-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген егжей-тегжейлермен жүзеге асырылып отырған бақылау тәсілдерін көрсету қажет.

65. Осы Қосымшаның 64-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында санамаланған тұлғалар тізбесінің ішінен акциялары (пайлары, үлестері) сатып алынатын сол рынок субъектісінің акцияларына (пайларына, үлестеріне) келетін дауыстармен өтініш берген сәтте билік ететіндерін атаңыз.

Олардың әрқайсысы бойынша дауыстардың санын, оның ішінде рынок субъектісінің жарғылық капиталын құрайтын акцияларға (пайларға, үлестерге) келетін жалпы дауыстар санының пайызын көрсету қажет.

66. Осы Қосымшаның 64-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында санамаланған тұлғалар тізбесінің ішінен Тізілімге енгізілгендерін атау қажет.

67. Сол бір жеке тұлғалармен бірлесіп басқа рынок субъектісінің атқарушы органы, директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) құрамының 50 пайыздан астамын білдіретін сатып алушының атқарушы органының, директорлар кеңесінің (байқаушы кеңесінің) мүшелерін санап шығыңыз. Олардың әрқайсысы бойынша:

аты - жөнін;

рынок субъектісінің басқару органындағы атқаратын қызметін;

басқару органына кіретін басқа рынок субъектісінің атауын, ұйымдық-құқықтық нысанын және заңды мекен-жайын, сондай-ақ атқаратын

қызметін көрсету қажет.

68. Егер сатып алушы жеке тұлға болса, онда:

сіз сол бір жеке тұлғалармен бірлесіп, тиісті басқару органы құрамының 50 пайыздан астамын білдіре отырып, кіретін басқару органындағы (атқарушы органдағы), директорлар кеңесіндегі (байқаушы кеңестегі) рынок субъектісінің атауын, заңды мекен-жайын, ұйымдық-құқықтық нысанын;

әрбір осындай рынок субъектісінің басқару органындағы атқаратын қызметін көрсету қажет.

Осы тарауда көрсетілген ақпарат сатып алушымен тұлғалардың бір тобына жататын тұлғалардың өзара байланысын көрсететін шешіре түріндегі сызбалармен безендірілуі мүмкін.

## **6. Дауыс құқығын беретін акциялары (үлестері) сатып алынатын рынок субъектісі туралы ақпарат**

69. Рынок субъектісі бойынша:

1) құрылтай құжаттарының көшірмесін;

2) жарғылық капиталдың шамасын;

3) активтердің баланстық құнын ұсыну қажет немесе көрсету қажет; өтініш берер алдындағы күнге соңғы бекітілген балансты қоса тіркеу қажет.

4) тауар рыногына (санап шығу) жеткізіп берілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлерін;

5) Қазақстан Республикасына жеткізіп берілетін өндірістің (жеткізіп беру көлемі 20 пайыздан асатын Қазақстан Республикасы субъектілерін бөле отырып) және мүмкіндігінше мемлекеттік статистика органдары белгілеген номенклатура бойынша нақты және құндық көріністегі тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспортының көлемін;

6) тізілімнің бөлімі, тауарлардың атауы, тиісті үлестің шамасы көрсетілген Тізілімнің республикалық немесе аумақтық бөлімдерінде бар болғаны туралы мәліметтерді;

7) тұлғалардың сол бір тобына акциялары (үлестері, пайлары) сатып алынатын рынок субъектісі де жататын тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну қажет немесе көрсету қажет; сонымен бірге мыналарды:

рынок субъектісінің тікелей немесе жанама бақылайтын барлық заңды және/немесе жеке тұлғаларын;

олардың әрқайсысы бойынша осы Қосымшаның 64-тармағының 1) тармақшасында талап етілетін егжей-тегжейлерді көрсету қажет.

70. Осы Қосымшаның 69-тармағының 7) тармақшасында санамаланған әрбір тұлға бойынша, олар тікелей және жанама бақылайтын тұлғалардың (осы

Қосымшаның 69-тармағының 7) тармақшасының өзінде екінші санамаланған сол тұлғаларды қоспағанда, осы Қосымшаның 64-тармағының 2) тармақшасында талап етілген егжей-тегжейлерді көрсете отырып) тізбесін көрсету қажет.

Осы Қосымшаның 64-тармағының 3) тармақшасында талап етілген егжей-тегжейлерді көрсете отырып, рынок субъектісі тікелей және жанама бақылайтын барлық заңды тұлғаларды көрсету қажет.

Осы тарауда көрсетілген ақпарат рынок субъектісімен тұлғалардың бір тобына жататын тұлғалардың өзара байланысын көрсететін шежіре түріндегі сызбалармен безендірілуі мүмкін.

**8-тарау. Монополияға қарсы органға шаруашылық жүргізуші рынок субъектінің негізгі өндірістік құрал-жабдықтарын немесе материалдық емес активтерін меншікке немесе пайдалануға алу туралы өтініш немесе хабарлама беру үшін қажетті құжаттардың тізбесі 1. Алушы туралы жалпы ақпарат**

71. Рынок субъектісінің негізгі өндірістік құрал-жабдықтарын немесе материалдық емес активтерін меншікке немесе пайдалануға алуға ниеттенген ( өтініш берген кезде) (бірнеше тұлғаларға - тұлғалардың бір тобындағы қатысушыларға) немесе алған (хабарлама берген кезде) рынок субъектісі б о й ы н ш а :

1) ұйымдық-құқықтық нысаны (аты-жөні) және заңды мекен-жайы ( тұрғылықты жері) көрсетілген атауын;

жеке тұлғалар үшін - төлқұжатының деректерін (сериясын, нөмірін, кім б е р г е н і н ) ;

заңды тұлғалар үшін - банк деректемелері мен басшының аты-жөнін, телефонының, факсінің нөмірін;

2) монополияға қарсы органдардың қызметкерлері байланыс жасай алатын тиісті байланыстағы тұлғаның лауазымын көрсете отырып, аты-жөнін, телефонын, факсін көрсету қажет немесе ұсыну қажет.

72. Алушының (алушылардың) уәкілетті өкілдері туралы жалпы ақпарат:

1) егер өтінішті (хабарламаны) жіберген кезде ортақ өкіл тағайындалса, онда осы Қосымшаның 2-тармағының 1)-4) тармақшаларында көзделген деректерді к ө р с е т у қ а ж е т ;

2) мынадай көрсеткіштерді: алушының (алушылардың) балансы бойынша активтердің құнын, тұлғалардың сол бір тобына және алушы (алушылар) да жататын барлық заңды тұлғалардың баланстары бойынша активтердің құны мен рынок субъектісінің балансы бойынша активтердің құнын меншікке немесе пайдалануға берілетін негізгі өндірістік құрал-жабдықтарды немесе материалдық

емес активтер құнының сомасын құрайтын шама қандай интервалда екенін  
к ө р с е т у қ а ж е т :

айлық есептік көрсеткіштердің 50000 еседен 100000 есеге дейінгі мөлшері;  
айлық есептік көрсеткіштердің 100000 еседен астам мөлшері.

## **2. Болжанып отырған мәміле (өтініш берген кезде) туралы ақпарат немесе жасалған мәміле (хабарлама берген кезде) туралы ақпарат**

73. Жасалып отырған (жасалған) мәмілелердің мақсатын, сатып алушының қызметіндегі немесе оның іскерлік операцияларының географиясындағы жоспарланған өзгерістерді қоса көрсетіңіз.

74. Мүлікті меншікке немесе пайдалануға алу жөнінде мәмілелердің заңды нысанын: (сатып алу-сату шартын, оның ішінде конкурс бойынша, аукционға арналған немесе басқа тәсілмен (қандайымен екенін нақты көрсету қажет); жалдау шартын, мүлікті меншікке немесе пайдалануға алудың лизингісін немесе өзге нысанын (нақты нысанын) көрсету қажет.

75. Меншікке немесе пайдалануға алынатын негізгі өндірістік құрал-жабдықтардың немесе материалдық емес активтердің баланстық құнын  
к ө р с е т у қ а ж е т :

1 ) б а р л ы ғ ы н ;

2) мүлкі меншікке немесе пайдалануға берілетін сол рынок субъектісінің негізгі өндірістік құрал-жабдықтарының немесе материалдық емес активтерінің баланстық құнын пайызбен көрсету қажет.

76. Меншікке немесе пайдалануға алынатын негізгі өндірістік құрал-жабдықтардың немесе материалдық емес активтердің құрамы мен мақсатын көрсету қажет.

77. Өтініш берген кезде - меншік иесінің (мүлікті тиісті мемлекеттік өкімет органы немесе жергілікті өзін өзі басқару органы берген жағдайда) шешімі жобасының немесе осы мәмілеге қатысты шарттың соңғы нұсқасын ұсыну қажет.

Хабарлама берген кезде - негізгі өндірістік құрал-жабдықтарды немесе материалдық емес активтерді меншікке немесе пайдалануға алу туралы меншік иесінің шешімінің көшірмесін немесе шарттың көшірмесін ұсыну қажет.

## **3. Негізгі өндірістік құрал-жабдықтарды немесе материалдық емес активтерді (бұдан әрі - мүліктер) алушы туралы ақпарат**

78. Мүлікті алу жөнінде:

1) заңды тұлға үшін:

Құрылтай құжаттарының (егер алушы шетелдік заңды тұлға болып табылса, онда құрылтай құжаттарының көшірмесі нотариалды түрде расталады және заңдастырылады) көшірмелерін және тіркеу туралы куәліктің көшірмесін ұсыну қажет немесе көрсету қажет.

Сондай-ақ шетелдік заңды тұлға үшін мыналарды:

шетел инвесторының оған қызмет көрсететін банк немесе өзге несиелік-қаржылық мекеме берген төлем қабілеттігі туралы құжатты; шыққан елінің сауда тізілімінің үзінді көшірмесін немесе оның заңды мәртебесінің ол орналасқан жердегі елдің заңына сәйкес өзге балама дәлелдемесін ұсыну қажет.

Егер шетел кәсіпорнының немесе шетел қатысатын кәсіпорынның Қазақстан Республикасында тіркелген филиалы (өкілдігі) болса - филиалды мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті және филиал (өкілдік) туралы ереженің көшірмесін ұсыну қажет.

2) жеке тұлға үшін - төлқұжаттық деректерді, азаматтығын ұсыну қажет.

Жеке кәсіпкерлер үшін - жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ұсыну қажет.

79. Активтердің баланстық құнын, шетелдік заңды тұлға үшін - жалпы активтерді ұсыну қажет.

Өтінішті берер алдындағы күнгі соңғы бекітілген балансты қоса тіркеу қажет.

80. Алушы тауар рыноктарына жеткізіп беретін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлерін (санап шығу қажет) көрсету қажет.

Егер шетел қатысатын кәсіпорын - алушының немесе шетелдік заңды тұлға-алушының Қазақстан Республикасында филиалы (өкілдігі) бар болса, онда тауар рыноктарына филиал (өкілдік) жеткізіп беретін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлерін қосымша санап шығыңыз.

81. Қазақстан Республикасына (жеткізіп беру көлемі 20 пайыздан асатын Қазақстан Республикасының субъектілерін шығара отырып) жеткізіп берілетін өндіріс және мүмкіндігінше мемлекеттік статистика органдары белгілеген номенклатура бойынша нақты және құндық түрдегі тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспортының көлемін көрсету қажет.

Егер шетел қатысатын кәсіпорынның немесе шетелдік заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында филиалы (өкілдігі) бар болса, онда 83-тармақтың 1-абзацында санамаланған филиал (өкілдік) жөніндегі ақпаратты қосымша ұсыну қажет.

82. Тауарлардың атауын, жеткізілімдердің тиісті үлес шамасы мен географиясын көрсете отырып, Тізілімде бар болу туралы мәліметтер ұсыну қажет.

83. Алынған негізгі өндірістік құрал-жабдықтардың немесе материалдық емес активтердің (ақпарат тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) түрлері бойынша ұсынылады) қандай тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару үшін пайдаланылатынын көрсету қажет.

Қазақстан Республикасына (жеткізіп беру көлемі 20 пайыздан асатын Қазақстан Республикасының субъектілерін бөле отырып) жеткізіп берілетін өндірістің және ұқсас немесе бірін-бірі алмастыратын нақты және құндық түрдегі тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) түрлері бойынша экспортының нақты көлемін көрсету қажет.

Алынған мүлікті, оның ішінде алынып отырған өндірістік қуаттарды (ақпарат тауарлардың түрлері бойынша сараланған түрде беріледі) пайдаланудан тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) қандай қосымша көлемін алуды жоспарлап отырғаныңызды көрсету қажет.

Ұқсас немесе бірін-бірі алмастыратын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сізге белгілі негізгі өндірушілердің бесеуін (бесеу болмаса - бесеуден кемін) санап шығу қажет.

84. Тұлғалардың сол тобына мүлік алушы да жататын барлық тұлғалардың тізбесін көрсету қажет

1) егер мүлік алушы мемлекеттік кәсіпорын болып табылса, атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, заңды мекен-жайы және тауар рыноктарына жеткізіп берілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлері көрсетілген олар құрған барлық еншілес кәсіпорынды санап шығыңыз;

2) мүлік алушы жөнінде осы Қосымшаның 64, 66 және 69-тармақтарына сәйкес ақпарат ұсыну қажет.

Осы тармақшада көрсетілген ақпарат мүлікті алушымен тұлғалардың бір тобына жататын тұлғалардың өзара байланысын бейнелейтін шежіре түріндегі сызбалармен безендірілуі мүмкін;

3) сіз көрсеткен осы Қосымшаның 84-тармақтың 2) тармақшасындағы тұлғалардың тізбесінен сіз алып отырған негізгі өндірістік құрал-жабдықтардың немесе материалдық емес активтердің көмегімен (пайдалану арқылы) шығарылатын ұқсас немесе бірін-бірі алмастыратын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) шығаратындарды жеке көрсету қажет.

Ең жоғары түрде мүмкін болатын (өндірістік қуаттар) және мүлікті алушымен тұлғалардың бір тобына жататын барлық кәсіпорындар бойынша осындай тауарларды өндірудің нақты көлемін бағалаңыз.

§ 4. Негізгі өндірістік құрал-жабдықтары немесе материалдық емес

активтері мүлік алушының меншікке немесе пайдалануға алуына (өтініш берген кезде) арналған немесе алынған (хабарлама берген кезде) рынок субъектісі туралы ақпарат

85. Негізгі өндірістік құрал-жабдықтары немесе материалдық емес активтері мүлік алушының меншікке немесе пайдалануға алуына (өтініш берген кезде) арналған немесе алынған (хабарлама берген кезде) рынок субъектісі бойынша:

1) ұйымдық-құқықтық нысанын (аты-жөнін) және заңды мекен-жайын (тұрғылықты жерін) көрсете отырып, атауын;

2) активтердің баланстық құнын. Шетелдік заңды тұлғалар үшін - жалпы а к т и в т е р д і ;

3) тауарлардың атауларын, жеткізілімдердің тиісті үлес шамасы мен г е о г р а ф и я с ы н ;

4) тауар рыногына (санап шығу) жеткізіп берілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлерін ұғыну қажет немесе к ө р с е т у қ а ж е т .

Егер шетел қатысатын кәсіпорын - алушының немесе шетелдік заңды тұлға-алушының Қазақстан Республикасында филиалы (өкілдігі) бар болса, онда тауар рыноктарына филиал (өкілдік жеткізіп беретін) тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлерін қосымша санап шығу қ а ж е т .

5) алынған негізгі өндірістік құрал-жабдықтардың немесе материалдық емес активтердің (ақпарат тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) түрлері бойынша ұсынылады) қандай тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару үшін пайдаланылатынын көрсету қажет.

Қазақстан Республикасында рынок субъектісінің осы тауарларын мәміле жасалғанға дейінгі (ақпарат тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) түрлері бойынша ұсынылады) нақты және құндық түрде өндіру мен жеткізіп берудің нақты және әлеуетті мүмкін көлемін көрсету қажет.

Рынок субъектісінің мәміле жасалғаннан кейінгі (ақпарат тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) түрлері бойынша ұсынылады) осы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндіруді қандай шамада азайтатынын немесе тоқтататынын көрсету қажет.

**9-тарау. Монополияға қарсы органға жеке тұлғаның рынок субъектілерінің екі және одан көп атқарушы**



**органдарына, директорлар кеңестеріне (байқаушы кеңестеріне)  
қатысуы туралы өтініш немесе хабарлама беру үшін қажетті  
құжаттардың тізбесі 1. Жалпы ақпарат**

86. Рынок субъектілерінің басқару органдарына қатысушы жеке тұлға  
б о й ы н ш а :

1) аты-жөнін, тұрғылықты жерін, төлқұжат деректерін (сериясын, нөмірін, кім  
бергенін) және азаматтығын;

2) байланыс телефонын;

3) уәкілетті өкіл (сенімгер) туралы жалпы ақпаратты көрсету қажет немесе  
ұ с ы н у қ а ж е т .

Егер рынок субъектілерінің басқару органдарына қатысушы тұлғаның  
уәкілетті өкілі (сенімгері) бар болса, онда:

өкілдің атауын (аты-жөнін) және заңды мекен-жайын (тұрғылықты орнын)  
көрсету қажет. Жеке тұлға үшін - төлқұжаттық деректерін (сериясын, нөмірін,  
кім бергенін) көрсету қажет.

Монополияға қарсы органдардың қызметкерлері байланыс жасай алатын  
өкілдің байланыстағы тұлғасының телефонының, факсінің нөмірін көрсету қажет  
. Егер заңды тұлға өкіл болып табылса, онда заңды тұлға басшысының  
телефонының, факсінің нөмірін қосымша көрсету қажет.

Өкіл өкілеттігінің жазбаша дәлелдемесі: өкілдің атына берілген, жеке тұлға  
қол қойған және нотариалды расталған сенімхат немесе өкілеттіктің өзге де  
д ә л е л д е м е с і .

Егер рынок субъектілерінің басқару органдарына қатысушы жеке тұлға шетел  
азаматы немесе азаматтығы жоқ адам болып табылса, сенімхат немесе  
өкілеттіктің өзге де дәлелдемесі нотариалды түрде расталады және  
з а ң д а с т ы р ы л а д ы ;

4) негізгі жұмыс орнын (заңды тұлғаның атауын, ұйымдық-құқықтық  
нысанын және заңды мекен-жайын көрсете отырып) және атқаратын қызметін;

5) мекен - ж а й ы н ;

монополияға қарсы орган жіберетін барлық хабарлар мен шешім бойынша  
м е к е н - ж а й д ы көрсету қажет.

**2. Атқарушы органдарына, директорлар кеңестеріне (байқаушы  
кеңестеріне) жеке тұлға кіретін рынок субъектілері туралы ақпарат**

87. Рынок субъектілері (рынок субъектілері) бойынша сіз хабарлама берген (  
өтініш берген) басқару органдарына кіру (сайлану) туралы:

- 1) ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетілген атауын;
- 2) заңды мекен - жайын;
- 3) сіз кіретін (өтініш берген кезде) немесе кіруді болжайтын басқару органының атауы мен атқаратын қызметін;
- 4) кірген (сайланған) күнін көрсету қажет. Кіруді (сайлануды) растайтын құжаттың көшірмесін қоса тіркеу қажет;
- 5) тауар рыноктарына жеткізіп берілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлері туралы мәліметтерді;
- 6) активтердің баланстық құнын ұсыну қажет немесе көрсету қажет. Хабарлама берер алдындағы күнге соңғы бекітілген баланстың көшірмесін қоса тіркеу қажет;
- 7) тиісті тауарлардың рыногында 35 пайыздан астам үлесі бар рынок субъектілерінің, тауарлардың атауын, тиісті үлес шамасы мен жеткізілімнің географиясын көрсете отырып, Тізілімде бар болуы туралы мәліметтерді;
- 8) Қазақстан Республикасына жеткізіліп берілетін өндірістің (жеткізіп беру көлемі 20 пайыздан асатын Қазақстан Республикасы субъектілерін шығара отырып) және мүмкіндігінше мемлекеттік статистика органдары белгілеген номенклатура бойынша нақты және құндық түрдегі тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспортының көлемін ұсыну қажет немесе көрсету қажет.

88. Өтініш (хабарлама) берген күнге атқарушы органына, директорлар кеңестеріне (байқаушы кеңестеріне) сіз кіретін барлық рынок субъектілерін санап шығу қажет.

Олардың әрқайсысы бойынша осы Қосымшаның 87-тармағында талап етілген егжей-тегжейлерді көрсету қажет.

89. Сіз осы Қосымшаның 87-тармағы мен 88-тармағында көрсеткен рынок субъектілерінің тізбесінен, олардың ішінен өзіңіз сол бір жеке тұлғалармен атқарушы орган және (немесе) директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) құрамының 50 пайыздан астамын білдіретіндерді көрсету қажет.

## **2-бөлім. Өтінішті немесе хабарламаны қараған кезде мәлімдеушіден монополияға қарсы орган талап етуге құқылы өзге де құжаттардың тізбесі**

90. Өтінішті немесе хабарламаны қараған кезде мәлімдеушіден монополияға қарсы орган, оның ішінде мәлімдеуші және осы Нұсқаулыққа сәйкес басқа мүдделі тарап ретінде көрінетін тұлғаларға қатысты мынадай ақпаратты:

1) құрылтай құжаттарының көшірмесін, тіркеу туралы куәліктің көшірмесін, директорлар кеңесінің (байқаушы кеңестің), атқарушы органның (басқарманың),

тексеру комиссиясы мүшелерінің тізімін;

2) өтініш немесе хабарлама талап ететін мәмілелерді немесе іс-әрекеттерді қамтамасыз ететін барлық құжаттардың соңғы нұсқасының көшірмесін;

3) өтініш немесе хабарлама талап ететін мәмілелерді немесе іс-әрекеттерді жасасудың жорамал күндері туралы, сондай-ақ Заңның 17 және 18-баптарына сәйкес өтініш немесе хабарлама талап ететін сол мәмілелерді немесе іс-әрекеттерді аяқтауға үндейтін негізгі аралық операциялардың (іс-әрекеттердің, мәмілелердің) жорамал күндері туралы ақпаратты;

4) акцияларды (үлестерді, пайларды), мүлікті немесе сатып алу жүзеге асырылуға қатысты тараптардың тиісті құқықтарын сатып алушының іс-әрекеттерін мақұлдау туралы ақпаратты;

5) өтініш немесе хабарлама талап ететін іс-әрекеттердің немесе мәмілелердің экономикалық және қаржылық құрылымын қысқаша түсіндірмені, оның ішінде:

рынок субъектісін құру мен қайта ұйымдастыруды аяқтау үшін Заңның 17-бабында көрсетілген тараптар алған (алып отырған) іс-әрекетті немесе сатып алушы алған (алып отырған) акцияларды, мүлікті немесе кез келген көзден (қоғамдық ұйымдарды қоса) тиісті құқықтарды кез келген қаржылық немесе өзге қолдаудың сипаттамасын, сондай-ақ осы қолдаудың сипаты мен шамасының с и п а т т а м а с ы н ;

Заңның 17 және 18-баптарында көрсетілген іс-әрекеттерді немесе мәмілелерді аяқтау үшін жеке капиталынан басқа өзге қаржылық қаражаттарды пайдалану туралы, сондай-ақ алудың көздері, шарттары мен тартылатын қаражаттардың м ө л ш е р і туралы а қ п а р а т т ы ;

6) Заңның 17 және 18-баптарында көрсетілген мәмілелерді немесе іс-әрекеттерді аяқтағаннан кейінгі жорамал меншік және бақылау құрылымын бағалаудың, оның ішінде 18-бапта көрсетілген мәмілелерді немесе іс-әрекеттерді аяқтау нәтижесінде сатып алынған құқық көлемін бағалаудың сипаттамасын;

7) бухгалтерлік және статистикалық есептілік немесе оларды жасауды қамтамасыз ететін нысандарында, сондай-ақ бюджетке салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді өткен екі жыл ішіндегі және үстіміздегі жылы тоқсандық есептеу мен төлеуге байланысты өзге құжаттарда баяндалатын ақпаратты; оның і ш і н д е :

өткен бір немесе екі жыл ішіндегі түсініктеме жазбасымен қоса жылдық есептерді, бухгалтерлік баланстар мен балансқа қосымшаларды;

тоқсандық бухгалтерлік есептілік нысанын, оның ішінде қаржылық нәтижелер мен оларды пайдалану туралы есеп, қаржылық нәтижелер және оларды өткен күнтізбелік жыл мен үстіміздегі жыл ішінде пайдалану туралы е с е п к е а н ы қ т а м а н ы ;

тауарларды өндіру мен жеткізіп беруді, сыртқы экономикалық қызметті,

шетел валютасындағы қаражаттардың қозғалысын, шетелден әкелінетін инвестицияларды, негізгі қаражаттарды, қоймалардағы жабдықтар мен аяқталмаған құрылысты, тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) өндірісіне және оларды өткізуге жұмсалған шығындарды және т.б. сипаттайтын нысандарды;

Заңның 17-бабында көрсетілген іс-әрекеттерге қатысушының, сондай-ақ акцияларды (үлестерді), мүлікті немесе Заңның 18-бабында көрсетілген мәмілелерді жасасуға қатысты, номенклатура бойынша таратып жаза отырып, заңды тұлғалардың тиісті құқықтарын сатып алушының баланстық шоттарында ескерілетін құндылықтардың көлемі жөніндегі ақпаратты;

дебиторлық және кредиторлық берешектің, ағымдағы тоқсанның басындағы дебиторлар мен кредиторлар бойынша таратып жаза отырып, көлемі жөніндегі ақпаратты;

8) тауар рыногына жеткізіп берілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлерінің және оларды өндіру мен тұтыну жөніндегі негізгі ауыстырушылар өзгешелігінің сипаттамасын;

9) тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) Қазақстан Республикасында өндіру, оған жеткізіп беру, оның ішінде үстіміздегі жыл мен өткен екі жыл ішінде тоқсан сайынғы жеткізіп берудің географиялық аймағын (кала, аудан), шетел мемлекетінің облысын көрсете отырып және тиісті тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) рынок субъектісінің жалпы көлемде оны тиісті тауар рыноктарына (импорттаушыларды қоса) жеткізіп беру үлесінің бағасымен нақты және құндық түрде өндіру, жеткізіп беру, (ағымдағы бағалармен, есепті кезеңдегі бағалармен) өткізу және экспорттау көлемдері бойынша ақпаратты;

10) мемлекеттік тапсырыс (мемлекеттік мұқтаждар үшін) және қорғаныс тапсырысы бойынша өткен және үстіміздегі күнтізбелік жылда өндірілген тауарларды жеткізіп беру көлемі мен үлесі жөніндегі ақпаратты;

11) Заңның 17 және 18-баптарында көрсетілген іс-әрекеттерге немесе мәмілелерге дейінгі және одан кейінгі кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарының сипаттамасын;

12) Заңның 17 және 18-баптарында көрсетілген іс-әрекеттерді немесе мәмілелерді жүзеге асыру нәтижесінде қозғалатын тауар рыногына жеткізілетін тауарларды өндіру технологиясы туралы мәліметтерді;

13) рынок субъектісінің қуаттары туралы және нақты тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді), оның ішінде Қазақстан Республикасындағы жалпы өндірістік қуаттардың бағасымен немесе ұқсас немесе бірін-бірі алмастыратын тауарларды өндіру үшін пайдаланылатын оның бөлшегімен өндіру үшін олардың жүктелім деңгейі туралы ақпаратты;

14) Заңның 17-бабында көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асыратын тараптардың (оның ішінде тараптардың тұлғалар тобы қатысушыларының) арасындағы, бір тұлғалар тобы қатысушыларының акцияларды (үлестерді, пайларды), негізгі өндірістік құрал-жабдықтарды немесе материалдық емес активтерді, тиісті құқықтарды сатып алушымен және бір тұлғалар тобы қатысушыларының Заңның 18-бабында көзделген мәмілелерді жасасуға қатысты рынок субъектісі арасындағы, сондай-ақ бір тұлғалар тобы қатысушылары мен басқару органына сол бір жеке тұлға кіретін рынок субъектілерінің арасындағы мәмілелерді жасасқанға дейін және жасасқаннан кейін тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) кооперативтік жеткізіп беру көлемі бойынша ақпаратты талап етуге құқылы. Ақпарат үстіміздегі және алдағы жылдары, оның ішінде тоқсан сайын сұратылуы мүмкін.

15) кооперация туралы бұрын жасалған барынша маңызды келісімдердің сипаттамасын талап етуге құқылы, оның ішінде:

бірлескен өндірістік жобаларды;

бірлескен ғылыми-техникалық жобаларды;

патенттермен және лицензиялармен алмасуды;

жабдықтау және өткізу туралы ұзақ мерзімді келісімдерді;

а қ п а р а т а л м а с у д ы ;

бірлескен жарнамалық қызметті;

бірлескен өндірістік жобаларды;

рынок субъектілері мен олардың бірлестіктері бірлесіп құрған заңды тұлғаларды талап етуге құқылы;

16) жартылай дайын өнімдерді жиынтықтайтын шикізатты негізгі жеткізіп берушілер туралы, нақты тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) шығару үшін жабдықтаудың жалпы көлеміндегі олардың үлестері, байланыстағы тұлғалардың атауы, заңды мекен-жайы және олардың телефондары, оның ішінде әрбір топтағы бір үлгідегі жеткізіп берушінің сипаттамасы көрсетілген мәліметтерді талап етуге құқылы;

17) тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) сұраныс жүйесі туралы а қ п а р а т т ы , о н ы ң і ш і н д е :

тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) негізгі тұтынушылар (сатып алушылар) туралы, нақты тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізіп берудің жалпы көлеміндегі олардың үлестері, байланыстағы тұлғалардың атауы, заңды мекен-жайы және олардың телефондары көрсетілген мәліметтерді ;

әрбір топтағы бір үлгідегі тұтынушының сипаттамасын;

өрлеу, даму, тұрақтылық, солу терминдеріне, сондай-ақ жеткізіп берілетін тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) сұраныс деңгейін арттыру (

төмендету) жөніндегі болжанған деректерге сұраныс құрылымын бағалауды талап етуге құқылы;

18) негізгі тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу жүйесі туралы ақпаратты, оның ішінде:

Қазақстан Республикасының аумағында басымдықпен пайдаланылатын тиісті тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізудің жалпы жүйесінің немесе оның бөлігінің сипаттамасын;

монополияға қарсы органды қызықтыратын, оның ішінде өткізуді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді келісім-шарттар, ерекше келісімдер және т.б. арқылы жүзеге асыратын тұлға қабылдайтын өткізу жүйесінің сипаттамасын;

делдал ұйым арқылы жеткізіп беру (өткізу) үлестерін бағалауды;

өткізу жүйесіне тұлғалардың сол бір топтары қатысушыларының, монополияға қарсы органды қызықтыратын тұлғаның тиісті тауарларын (жұмыстарын, қызмет көрсетулерін) енгізу дәрежесін бағалауды талап етуге құқылы;

19) тауарларға сервистік қызмет көрсету туралы ақпаратты, оның ішінде:

тысқары ұйымдардың өндірісіне сервистік қызмет көрсету үлесін;

өткізу жүйесіне тұлғалардың сол бір тобына жататын тұлғалардың, монополияға қарсы органды қызықтыратын тұлғаның сервистік желілерін пайдалану дәрежесін бағалауды талап етуге құқылы;

20) Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі (ұқсас немесе бірін-бірі алмастыратын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндірушілер) негізгі бәсекелер туралы ақпаратты, оның ішінде:

мүмкіндігінше олардың атауы, заңды мекен-жайы, байланыстағы тұлғалардың телефондары және Қазақстан Республикасының тиісті аумақтық бөлімшелеріне тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) жекелеген түрлерін (монополияға қарсы органдардың нақты сұратуы бойынша) жеткізіп берудің жалпы көлеміндегі шамалы үлесі көрсетілген негізгі бәсекелестердің тізбесін;

бағалар, сапа, өткізу жүйесі, төлем шарттары, сервис, сатылғаннан кейінгі қызмет көрсету және т.б. жөніндегі бәсекелестік бағыттарды бағалауды;

соңғы екі жыл ішінде пайда болған жаңа бәсекелестердің мүмкіндігінше олардың атауы, заңды мекен-жайы, байланыстағы тұлғалардың телефондары көрсетілген тізбесін;

әлеуетті бәсекелестердің (тиісті тауар рыногына ұқсас немесе бірін-бірі алмастыратын өнім жеткізіп беруге дайын рынок субъектілері) мүмкіндігінше олардың атауы, заңды мекен-жайы, байланыстағы тұлғалардың телефондары көрсетілген, сондай-ақ олардың тиісті тауар рыногына кіруіне қажетті уақытаралық мерзімнің бар болуын бағалауды;

тиісті тауар рыногына (ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық әзірлемелер өткізу, өткізу желілерін, сервистік қызмет көрсетуді, жарнамаларды, лицензиялауды ұйымдастыру қажеттігі, шикізат көздеріне және т.б. шектеулі рұқсаттың болуы) кіруді қиындататын факторлардың сипаттамасын;

тиісті тауар рыногына ұқсас немесе бірін-бірі алмастыратын өнім (жұмыстар, қызмет көрсетулер) жеткізіп беретін Заңның 17-бабында көрсетілген іс-әрекет қатысушылары немесе тұлғалардың сол бір тобына жататын тұлғалар және іс-әрекет қатысушылары да жататын немесе акцияларды (үлестерді, пайларды), мүлікті, сатып алуды жүзеге асыруға қатысты заңды тұлғалардың тиісті құқықтарын сатып алушылар немесе осындай рынок субъектілерінің жарғылық (қоймалық) капиталын құрайтын акцияларға (үлестерге, пайларға) келетін дауыстардың жалпы санының 10 пайыздан астамына билік ету құқығы бар тұлғалардың топтарына жататын тұлғалардың, барлық басқа рынок субъектілерінің тізбесін;

тиісті тауар рыногына ұқсас немесе бірін-бірі алмастыратын өнім (жұмыстар, қызмет көрсетулер) жеткізіп беретін кез келген басқа рынок субъектісінің атқарушы органының, директорлар кеңесінің (байқаушы кеңесінің) мүшелері болып табылатын басқа рынок субъектісінің атауын, оның заңды мекен-жайын және атқаратын қызметін көрсете отырып, атқарушы орган, директорлар кеңесі (байқаушы кеңес) мүшелерінің тізбесін;

21) Қазақстан Республикасының тауар рыногына ұқсас немесе бірін-бірі алмастыратын өнім жеткізіп беретін рынок субъектісіне қатысты тұлғалардың сол бір тобының, қызығушы монополияға қарсы органдар тұлғасының да қатысушылары соңғы үш жыл ішінде жасаған барлық сатып алынғандар туралы ақпаратты;

22) Заңның 17 және 18-баптарында көрсетілген іс-әрекеттерге немесе мәмілелерге мүдделі тараптардың тіке біріктірудің олардың негізгі бәсекелестерімен салыстыруға ықпал ету дәрежесін бағалауды;

23) Заңның 17-бабында көрсетілген іс-әрекет қатысушылары кіретін бірлестіктер немесе сатып алуды жүзеге асыруға қатысты акцияларды (үлестерді, пайларды), мүлікті немесе заңды тұлғаның тиісті құқықтарын сатып алушылар, сондай-ақ осы бірлестіктердегі олардың атауы, заңды мекен-жайы мен байланыстағы тұлғалардың телефондары көрсетілген хабарлама берген кезде заңды тұлға басқару органдарының құрамына кіретін заңды тұлғалар туралы ақпаратты;

24) мүмкіндігінше атауы, заңды мекен-жайы мен байланыстағы тұлғалардың телефондары көрсетілген тауар рыногына жеткізіп берілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлеріне сәйкес келетін салаларда бар бірлестіктер туралы ақпаратты;

25) Заңның 17 және 18-баптарында көрсетілген іс-әрекеттердің немесе мәмілелердің Қазақстан Республикасының және одан тыс жерлердегі тауар рыногындағы рынок субъектісінің тауарларының (жұмыстарының, қызмет көрсетулерінің) бәсекелестік қабілеттігіне жарыстастықта нақты ұтып шыққандары көрсетілген болжам ықпалының сипаттамасын;

26) директорлар кеңесінің (байқаушы кеңестің) кез келген мүшесі, атқарушы органның мүшесі үшін даярланған (бағытталған) талдамалардың, баяндамалардың, зерттеулер мен байқаулардың немесе Заңның 17 және 18-баптарында көрсетілген іс-әрекеттерді немесе мәмілелерді жасау қажеттігіне негіздеу мақсатындағы акционерлер (үлесшілер) жиналысының мазмұны немесе көшірмесі туралы ақпаратты;

27) рынок субъектілерінің қаржылық жағдайын сипаттайтын, оның ішінде монополияға қарсы орган төлеуге қабілетсіз кәсіпорындар балансының қанағаттанғысыз құрылымын айқындауға арналған өлшемдер есебімен Заңның 17 және 18-баптарында көрсетілген іс-әрекеттерге немесе мәмілелерге келісуден бас тартқан жағдайда, рынок субъектілерінің (оларды төлеуге қабілетсіз деп тану) болуы мүмкін банкроттығын растайтын ақпаратты;

28) тиісті тауар рыногына жеткізіліп берілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлері жөнінде ақпарат көрсетілген қызығушы монополияға қарсы органның тұлғасымен бірге тұлғалардың бір тобына кіретін тұлғалардың тізбесін;

29) Заңның 17 және 18-баптарында көрсетілген іс-әрекеттердің немесе мәмілелердің күтіліп отырған экономикалық тиімділігінің мөлшерін қажетті материалдармен және тиімділікті растайтын есептермен бағалауды талап етуге құқылы.

Ескертпе: Қазақстан Республикасының шетелдік ресми құжаттарды жария ету талаптарын алып тастап отырған Конвенцияға қосылуына байланысты (Гаага қаласы, 1961 жылғы 5 қазан), егер кез келген құжаттарды осы Қосымшаға сәйкес, аталған Конвенцияға қатысушы болып табылатын елдің шетелдік тұлғасы (заңды немесе жеке) берсе, онда оларды ресімдеу Конвенция талаптарына сәйкес жасалуға тиіс.

Қазақстан	Республикасының	Табиғи
монополияларды	реттеу,	бәсекелестікті
қорғау және	шағын	бизнесі қолдау
жөніндегі	агенттігі	төрағасының 2001
жылғы 2	тамыздағы	N 153 НҚ бұйрығымен
бекітілген		Нұсқаулыққа

2-қосымша

N 1 нысан



Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) түрлерін өндіру және жеткізіп беру \_\_\_\_\_ заңды тұлғаның \_\_\_\_\_ уақытша кезең көрсетіледі\*\* көлемдері туралы мәліметтер

--

Рет N	Заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері	Заңды тұлға тауарларының (жұмыстарының, қызмет көрсетулерінің) негізгі номенклатурасының өлшем бірл.	ӨЖС (КҚЖС) коды	СЭҚТН коды	Заңды тұлға тауарларының (жұмыстарының, қызмет көрсетулерінің) негізгі түрлерін өндіру көлемі
					Барлығы Оның ішінде ҚР үшін

А                      Б                      В                      Г                      Д                      1                      2

Заңды тұлғаның тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлерін жеткізіп беру көлемі

Оның ішінде Қазақстан Республикасының субъектілері бойынша

Қазақстан Республикасы бойынша барлығы                      Заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша                      Экспортқа ҚР өзге субъектілеріне\*\*\*                      Субъектінің атауы                      Субъектінің атауы                      ...

Қ а з а қ с т а н  
Р е с п у б л и к а с ы  
с у б ь е к т і с і н і ң  
а у м а ғ ы н а

3 4 5 а 5 б ... 5 п 6

Қазақстан Республикасы тауарларының (жұмыстарының, қызмет көрсетулерінің) негізгі түрі бойынша өндірісінің көлемі	Барлық қазақстандық жеткізіп беру. шілердің ұқсас тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жалпы	Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізіп	Ұқсас тауарлар импортының (әкелудің) көлемі **** негізгі түрі экспортының (әкетудің) жалпы көлемі **** беру көлемі ****
---	--	---	---

Қазақстан Республикасы бойынша қан ҚР субъектісі бойынша ҚР	Аумағына заңды тұлға орналас.	ҚР рыно. гына қан бойынша ҚР субъекті. сiнiң рыногына	Заңды тұлға орналас. қан орын ҚР субъекті. сiнiң аумағы.	ҚР-дан тұлға орналас. қан орын бойынша ҚР субъекті. сiнiң аумағы.	ҚР-ға тұлға орналас. қан орын бойынша ҚР субъекті. сiнiң аумағына
---	-------------------------------	---	--	---	---

7 8 9 10 11 12 13 14

\* Осы контекстегі құжаттар - тұлғаның иелігіндегі, сақтауындағы немесе бақылауындағы кез келген түрдегі (түпнұсқа, түпнұсқалардың көшірмелері, алғашқы нұсқа) оның ішінде кез келген нысанда және кез келген құрал-жабдықта жазылған есепті, хатты, жеделхатты, электрондық хат-хабарды және т.б. қамтитын кез келген жазбаша, оның ішінде графикалық материалдар; басқару органдарының жазбалары, хаттамалары, шешімдері, кездесудің, телефондық және өзге келіссөздердің жазбалары; келісім-шарттар мен өзге келісімдер (

шарттар); бухгалтерлік, статистикалық есептілік, өзге де қаржылық, коммерциялық және өзге мәмілелердің жазбалары; диаграммалар, кестелер, сызбалар және басқа суреттер; жоспарлар мен айрықшалаулар; жарияланымдар, фото-суреттер мен өзге де көшірмелер; ұсынылған материалды пайдалануға немесе түсіндіруге қажетті нұсқаулықтармен және басқа материалдармен бірге электрондық жазбалар және компьютермен басып шығарулар.

\*\* Нысан шығарылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) негізгі түрлері бойынша әріптердің арасын сирете отырып толтырылады. Ақпарат күнтізбелік жыл ішінде, алдағы жылға және үстіміздегі жылға мәліметтер беру жеке ұсынылады.

\*\*\* 5а ...5п бағаналарына Қазақстан Республикасының жеткізіп беру көлемі 20 пайыздан асатын субъектілері жөніндегі деректер енгізіледі.

\*\*\*\* Мемстандарттың деректері бойынша (толтырылмаған жағдайда себебі көрсетілсін).